


П И О Н Е Р



Июнь

№ 6



1949 жыл



ПИОНЕР

Қазақстан АҚЖО Орталық Комитетінің
айына бір рет шығатын балалар журналы.
Шығуына 11-жыл.

№ 6
ИЮНЬ

1949 жыл.



А. С. ПУШКИН

Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,
Ел ізі оған салған суый білмес,
Асқақтап Александр мұнарасынан
Жоғары оқшау шығып тұр ол дербес.

Жоқ, өлмен — жаным жасар өлеңімде,
Шірімей, жасаңғырар денем мүлде;
Бар болса жалғыз ақын ай астында,
Ардақтап қасиеттер мені әркүнде.


Дабысым ұлы Ресейге кетер жалпақ,
Тіл біткен жүрер менің атымды атап,
Славян елдерінің ер ұрпағы,
Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ.

Халқыма сүйікті ұзақ болар жерім —
Туғыздым өлеңіммен мейірлерін;
Жыр етіп тар заманда еркіндікті,
Мархабат пақырларға тілегемін.


Уа, муза; құлағың сал, сөзіме бақ,
Жабықпа жәбірлеуден, тілеме так,
Мақтауды жаламенен тыңда салқын,
Тіреспе, таласпа да не десе ақмақ.

Аударған **Ғ. ОРМАНОВ.**





Александр Сергеевич ПУШКИН



Пушкин дегеніміз төменше көрініс және ол орыс рухының бірден бір көрінісі болуы да мүмкін; бұл кемеліне жетіп көркейген орыс адамы, ол осы қалпында екі жүз жылдан соң пайда болуы ықтымал. Мүлтіксіз таза ландшафтың жұмыр оптикалы шыныға түскен сәулесі қандай айқын елестейтін болса, Пушкинде де орыстың табиғаты, орыстың жаны, орыстың тілі, орыстың мінезі дәл сондай таза, мүлтіксіз көрінеді.

Н. В. ГОГОЛЬ

Пушкин өз заманы үшін қызмет істеп отырып, болашақты әзірлеп қоятын творчестволық даналардың, тарихи ұлы бейнелердің қатарына қосылады, осының өзінен-ақ бірғана өткен дәуірдің адамы болып саналмайды.

В. Г. БЕЛИНСКИЙ

Россияда Пушкинге дейін нағыз ақын болған жоқ еді. Пушкин бізге ана тілінде тұңғыш көркем шығармалар берді, оның өзіне дейін естілмеген поэзиямен бізді таныстырды.

Н. Г. ЧЕРНЫШЕВСКИЙ

Оның біздің поэтикалық әдеби тілімізді жасағандығы күмәнсіз; біздер және біздің ұрпақтарымыз оның даналығы салып кеткен жолмен жүре білсек болғаны.

И. С. ТУРГЕНЕВ

Пушкин тек ұлы ақын ғана емес еді, ол ұрпақтарға ұстаз болды және сонымен қатар жаңа орыс әдебиетін жасаушы болуға да тиісті еді.

В. Я. БРЮСОВ

Ұлы орыс халқының данышпан ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің туғанына жүзелу жыл толды. Оның оққа ұшқанына жүз он екі жыл болды. Бірақта, ұлы Пушкин бүгін біздің арамызда, бізбен жүзбе-жүз сөйлесіп, бірге жүргенге ұқсайды. Тар заманда пақырларға бос-таңдықты, еркіндікті тілеген оның зор ақылдық даусы бізге таныс, күнде саңқылдап естіліп тұрғандай. Оған біз түрлі сұраулар қойып, оларға терең мағналы ақылды жауап алып отырамыз.

Пушкин, туған елін, Россияны зұлым патша, «озбыр жауыздар» билеп-төстеп тұрған қара түнек заманда жасады. Ол патшаның зұлымдығына қарсы шықты, ғасырлық құлдықты жоюға шақырды. Оның саяси өлеңдері Россияда революциялық қозғалыстың дамуына көмектесті. Пушкин «әділетсіз үкметті», орыс патшасының халыққа жасаған зорлық-зомбылығын батыл әшкерелей білді. Ол өзінің «Еркіндік» деген өлеңінде

Озбыр жауыз! Өзінді де, тағыңды
Жек көремін, жиіркентеді жанымды,

— деп жазды. Пушкиннің азаттық сүйгіш мұндай өлең-жырлары елге тез тарады. Бұл жағдай, біріншіден, пікірлес достарының, қалың бұқараның алдында Пушкиннің беделін көтеріп, жұрттың оған деген сүйіспеншілігін арттырса, екіншіден, «жоғары қауымды», патшаны оған өштіретіре түеті. Ұлы ақын өз өмірінде қуғын-сүргінді көп көрді, бірнеше рет жер аударылды. Бірақ, Пушкин өз жолынан таймады, оның сенімін ешпәрсе өзгерте алмады.

Пушкин халықтың арманы мен тілегін, мұңы мен шерін жыр еткен, нағыз халық ақыны болды. Оның өмірі мен творчествосынан орыс халқының ең жақсы, ең қымбат бейнелері көрінеді.

Патша бірде оған патшалар туралы көркем шығарма жазуды тапсырады. Бірақ Пушкин патшалар туралы жазудан гөрі, шаруа қозғалысы туралы, оның көсемі Пугачев туралы әңгіме жазуды таңдап алады. Пугачев көтерілісі жайында ел аузынан көп материалдар жыйнайды. Ол кезде Пугачевті патша малайлары «залым», «жыртқыш» деп атайтын болса, Пушкин оны шығармаларында халық қаһарманы, шаруалардың талантты көсемі етіп сыпаттайды.

Пушкин өлең мен жазылған өзінің атақты романы «Евгений Онегин» де орыс халқының, орыс қоғамының мінез-құлқын, экономикалық тұрмысын дұрыс және шебер суреттеп көрсете білді. В. Г. Белинский «Евгений Онегин» романын «орыс өмірінің энциклопедиясы және шын мағнасында халықтық шығарма» деп бағалады.

Пушкин өз елін, өз халқын шын жүректен сүйген жалынды отаншыл ақын еді. Ол, патшалық, крепостнойлық Россияны емес, өз Отаны — ұлы Россияны сүйді. Ол өз елінің кешегісі мен бүгінгісін, халыққа адал қызмет ете білген ұлы мен қыздарын зор мақтаныш етті. Орыс халқының тұңғыш ғалымы М. Ломоносовты, 1812 жылғы Отан соғысының қаһармандарын ол сүйсіне жырлады.

Пушкин тек орыс халқы туралы жазған жоқ. Ол байтақ Россияны мекендеген барлық халықтардың өмірімен, мәдениетімен шұғылданды. Оның шығармаларынан біз орыстарды, украиндықтарды, грузиндерді, татарларды, черкестерді тағы басқаларды жиі кездестіреміз.

Өткен заманның бірде-бір ақыны Россия халықтарының өмірін Пушкиндей толық қамтыған жоқ. Сондықтан да барлық ұлттардың да ең



ПУШКИН



жақсы өкілдері Пушкинді сүйе білді, одан үйренді, шығармаларын өз тіліне аударды. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарында-ақ кемелер Абай Пушкиннің өлеңдерін қазақ тіліне аударып, жұртқа таратты. Пушкин—қазір Совет Одағындағы барлық халықтардың сүйікті ақыны.

Пушкин орыс әдебиет тілін, жаңа көркем әдебиетін жасады, ұлы орыс әдебиетінің атасы болды. Ол орыстың әдебиет сөзіне халықтық рух беріп, тілді халық сөйлемімен алынған көптеген сөздермен байытты.

Пушкин көркем шығарманың қай түрін болса да жазуды, сөз ұсталығын толық меңгерді. Ол тамаша ақын, жазушы, сонымен қатар шебер драматург болды. А. Н. Островскийдің сөзімен айтқанда, орыс әдебиеті бір Пушкиннің өзі арқылы «бір ғасырға» көтерілді.

Поэзияны, Пушкиннің тоншылауына, жалаң сұлу сөз емес, терең сезімнің, ақындық толғаудың, ойдың көрінісі деп қарау керек. Ондай мағналы ойды, терең сезімді білдіре алмаған өлең—өлең емес.

Пушкиннің өзінің ақындық қыметінің алғашқы кезінен-ақ көркем әдебиеттің идеялық дәрежесінің жоғары, алдыңғы қатарлы болуы үшін күресті. Ол алдына ешбір мақсат қоймай жазуды жеккөрді. Соның айғағы ретінде, патша өкіметінің қысымына қарамастан, Пушкин өзінің шығармаларында шаруалар революциясы сыяқты өткір әлеуметтік мәселені батыл көтерді «Россияда мықтап орын тепкен құлдықты сұрапыл сілкілесу ғана жойып жібере алады: қазірде біздің саяси бостандығымыз шаруалардың азат етілуімен біте қайнасқан бір мәселе» деп жазды ақын.

Пушкинді В. И. Ленин жоғары бағалап, шығармаларын сүйіп оқыған. Н. К. Крупская өзінің еске түсірулерінде былай дейді: «Мен өзіммен бірге Сибирьге Пушкинді, Лермонтовты, Некрасовты алып келдім. Владимир Ильич бұл кітаптарды Гегельмен қатар өзінің керуенінің қасына қойып, әр кеш сайын оларды қайта-қайта қайталап оқыйттын еді. Ол бәрінен де Пушкинді артық жақсы көретін».

Сталин жолдас 1941 жылдың 6 ноябріндегі өзінің тарихи баяндамасында орыстың күндей жарқыраған игі жақсы адамдарының есімдерін атады. Көсем солардың ішінде Александр Сергеевич Пушкинді де атаған болатын.

«Құлдық пен азаттың алқабында тек Пушкиннің ұшы-қыйыры жоқ кең және ашық үнді жыры ғана естілуші еді. Бұл жыр өткен дәуірдің жылғасы болды, қазіргіні де өзінің құдіретті әуезімен қамтыды және өзінің әсерлі үнін алыстағы келешекке жолдады» (Герцен).

Бұл әсерлі үн бізге кел жетті. Пушкин—біздің замандасымыз. Біздің Пушкин!

Жас ұрпақ, совет балалары Пушкинді жапындай жақсы көріп, хұрметтейді. Оның асыл жырларын сүйіп оқыйды. Пушкинді қазіргі заманның ұлы ақыны, ең жақын, ең қымбат досымыз деп санайды.

Ұлы ақын Александр Сергеевич Пушкин жөйінгі ұрпағына асыл мұра, өзіне зәулім мұнара ескерткіш жасағандығын өлеңінде айтып кетті.

Дабысым ұлы Ресейге кетер жалпақ,
Тіл біткен жүрер менің атымды атап,
Славян елдерінің ер ұрпағы,
Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ.

Өзі айтқандай ұлы ақынның есімін атамайтын халық жоқ. Пушкин біздің халқымыздың жарқын болашағын аңсады. Сондықтан да ол социализм елі үшін аса ардақты.

ПУШКИНГЕ МӘДАХА

Міне нағыз әсемдік! Міне біз осылай жазуымыз керек. Пушкин салған жерден іске кіріседі. Басқа біреу болса қонақтарды, бөлмелерді суреттеуден бастар еді, ал ол әрекетке басынан кіріседі...

Мен соңғы кезде Белкин повестерін өз өмірімде жетінші рет, көптен бері басымнан кешірмеген шаттықпен оқып шықтым. Жазушыға бұл қазынаны қажымай-талмай зерттеп үйрену керек.

Л. Н. ТОЛСТОЙ

Алып Пушкин—біздің асқан ұлы мақтанышымыз және Россияның рухани күштерінің толық айғағы.

М. ГОРЬКИЙ

Мен Сибирьге өзіммен бірге Пушкинді, Лермонтовты, Некрасовты алып келдім. Владимир Ильич бұл кітаптарды Гегельмен қатар өз керуенінің қасына қойып, әр кеш сайын оларды қайта-қайта қайталап оқыйттын еді. Ол бәрінен де Пушкинді артық жақсы көретін.

Н. К. КРУПСКАЯ

Маркс 50 жасқа толған кезінде, орыс тілін үйренуді қолға алды, бұл тілдің қыйындығына қарамастан оны небары алты айдың ішінде толық меңгергендігі сондай, орыс ақындары мен жазушыларын үлкен ләззатпен оқыттын болды, олардың ішінен Пушкинді, Гогольді және Шедринді ерекше бағалады.

ПОЛЬ ЛАФАРГ

Сен, Пушкин, қалың жұрттың туысқаны,
Сен біздің бұл ғасырдың өлең-әнi.
Өлеңің жаңа атқан таң,
Жайнаған гүл,
Жұпары, інжу-маржан,
өмір сәні.

ЖАМБЫЛ



Ақынның өмір ертемдерінен

ҚУҒЫНДА

1817 жылы Пушкин Лицейді бітіріп шығып, Петербургте Мемлекеттік сыртқы істер коллегиясына (министрлігіне) қызметке орналасты. Жас ақын астананың сауық-салтанатына қызу араласып кетті. Бірақ жазу жұмысын тежеген жоқ. Ақынның тамаша лирикалық өлеңдері күнбе-күн ауыздан-ауызға таралып, газет журналдарда басылып жатты. «Руслан мен Людмила» поэмасын жаза бастады. Пушкиннің творчестволық алғашқы адымына қуанған Жуковский: «Тамаша талант! Өлеңдері қандай!» деп жазды. Ақынның «Юрьевке» деген өлеңін оқығанда, Батюшковты күншілдік сезімі билеп:

— Мына залым қалай жазады? — депті.

Патша 1 Александр реакцияшылдық саясатын күшейте түсті. Аракчеев сыяқты топас графты көтермелеп, бүкіл ішкі жұмысты соның қолына берді. Ол халық басына найза ойнатып, еркіндікті аңсаған елдің ерлерін темір торда ұстады.

Пушкин «Еркіндік» атты өлеңінде:

«Дүниенің озбырлары! Бол талқан
Сендер тында, қайрат шақыр, көтеріл,
Жауыздықтан жанышталған құл-құтан!»

деп, патшаны — дүние тажалына теңеп, езілгендерді — шаруаларды көтеріліске шақырды.

Бір күні патша селосындағы коменданттың байлаулы тұрған аюы босанып кетіп, гүрілдеген қара аюы Александр патша саяхат жасап жүрген паркке қарай жүгірді. Патша сасып ерсілі-қарсылы жүгіре берінті. Сонда өтіп бара жатқан Пушкин:

— Сол аю сол бір адамға дәл кездесті! — деп күлімді. Бір кеште театрда отырған жұртқа Пушкин француз королінің баласын өлтірген Лувельстің суретін көрсетіп, суреттің ақ жиегіне «патшаларға сабақ болсын!» — деп жазыпты.

Ақынның патшаға арналған өшпенділігі күн санап арта берді. Пушкиннің ізіне түсушілер де көбейіп кетті.

1820 жылғы мартта Пушкин «Руслан мен Людмила» атты поэмасын жазып бітірді. Бұл табысқа шын пейілімен қуанған Жуковский жас ақынға өзінің порт-

ретін сыйлап, сурет астына «Жеңген шәкіртке, жеңілген ұстазыңан» деген сөз жазды.

Александр патша Пушкиннің барлық жасырын өлеңдерін көшіріп, жаздырып алып, қаһарына мінді. Пушкинді Сибирьге, құлақ естіп, көз көрмейтін жерге жер аудармақ болды. Тек Карамзин мен Жуковскийдің көмегімен ғана ақынды оңтүстікке жіберуге ұйғарды.

1820 жылы майдың 6 күні Пушкин Петербургпен қош айтысып, оңтүстікке Екатеринославқа (қазіргі Днепронетровск) жол тартты.

Оңтүстік губернаторы Инзовтың келісімімен Пушкин генерал Раевскийге еріп Кавказ, Қырымды аралап қайтты. Сентябрьде Инзовтың мекемесімен бірге Кишиневке қоныс аударды. Қарт генерал Инзов Пушкинді баласындай көріп, оның талантына бас иді.

Пушкин Кишиневте декабристердің «Оңтүстік қоғамының» мүшелерімен байланыс жасады. Кишиневке келген Пестельмен кездесіп, 1821 жылдың апрелінің 9 күні күнделік дәптеріне: «Тәңертөңнен Пестельмен бірге болдым... ол мен білетіндердің ішіндегі ең ақылды адам», — деп жазды.

Одессаға генерал Воронцовтың қарауына ауысқанға шейін ондаған өлеңмен қатар, «Бахшасарай фонтаны», «Ағайынды қарақшылар», «Жәбрайіл-нәма» поэмаларын жазды. Одессада «Евгений Опегин» атты атақты романын бастады.

Инзовқа қарағанда, Воронцов Пушкинді төмен ұстап, кем тұтады. Біраздан кейін ақын мен әкімнің арасындағы өшпенділік басталады. Воронцов 1824 жылдың май айында Пушкинді мазақтау үшін «Шегіртке қыру науқанына» командировкеге жіберінті. Пушкин уездерде болып қайтады да, Воронцовқа:

«Шегіртке ұшты, ұшты,
жерге түсті.

Отырды, отырды да,
жеді бәрін.

Қайта ұшты,
тұрағы жоқ кетті залым»

деп, рапорт жазып берінті. Бізәлі Воронцов жасырын арыз жазып, Пушкинді 1824 жылы, июльдің 30 күні Псков губерниясына жер аудартты.

...ҚАТЫСПАЙ ҚАЛУЫМ МҮМКІН ЕМЕС ЕДІ!

Михайловскіде Пушкин екі жылға жуық жас шағын тәрбиеші болған Арина Радионовнамен бірге тұрды. Қарт тәрбиешісі ұзақ түндер тамаша ертекттер айтып, қайғылы ақынның көңлін көтеруші еді.

Қыстың боранды түні. Таң ата Пушкин шоңып оянып терезеге көз салса, есік алдында тұрған досын көрді. Ол лицейлік жолдасы, декабрист И. П. Пущин еді. Екі дос бірнеше күн сырласып, мұндасып, шікір алысты. Ақын соңғы жазған шығармаларын оқып, досының кеңесін қабылдады. Жуздесудің ақырғы минуті соқты. Олар мәңгілікке қош айтысты. 1825 жылы декабристердің басты адамдарымен бірге Пущин тұтқынға алынды да, қатөргіге айдалды. Ол сол сапардан қайтпады.

Михайловскіде Пушкин «Цыгандар», «Граф Нулин» атты поэмаларын, «Борис Годунов» трагедиясын, оңдаған өлеңін жазды. «Евгений Онегин» романының бірнеше тарауын аяқтап, ертегі поэмаларының бірсыпырасына желі тартты.

1825 жылғы декабрьдің 24 күні декабристер самсаған әскери қолмен қыр көрсетуге сенат алаңына шықты. Таққа жаңа гапа отырған І Николай патша көтерілісшілерге қарсы оқ төгуді бұйырды. Декабристер жеңіліс тапты. Айыптау комиссиясы құрылып, көтерілісшілердің бас көтерер адамдары тұтқынға алынды. Пестель мен Рылеев бастаған декабристердің бес көсемі дарға тартылды. 120 кісі мәңгілік қаторға Сибирьге жіберілді.

Пушкин кейін дарға асулы бес кісінің суретін салып, «Мен де...» «Мен де...» деген сөздерді қайта-қайта жазып, ауыр ойда жүрді.

1826 жылғы сентябрьдің 3 күні патшаның көп шабарманының бірі Михайловскіге келіп, Пушкинді алып кетті. Олар сентябрьдің 8 күні Москваға жетті. Жаңа патша сонда екен. Жол қатып қажыған, үсті-басын шаңуақ басқан Пушкинді патша сарайына жеткізді.

Ақын мен патша жүздесті. Таққа отыруын декабристердің қанымен жуған, қаталдығы мен қаһарын таныта келген жас патша Николай:

— Пушкин, егер сен Петербургте болсаң, декабрьдің 14 күнгі оқпайға қатысқан болар ма едің? —

деді. Пушкин жалтарған жоқ, тура жауапқа көшті. — Сөзсіз, тақсыр! Менің достарымның бәрі көтерілісті ұйымдастырушылар қатарында болды, менің қатыспай қалуым мүмкін емес еді! Мені сақтап қалған жалғыз себеп — менің мұнда болмағаным. Бұдан кейін Николай түйкі бұлтаққа салуды орында деп тапты. Ол ақыннан сыр тартып, жылы шыраймен сойлесті.

— Қазір не жазып жатырсың? — деді патша.

— Мардымды ештеме де жазбаймын, тақсыр, өйткені цензура тым қатал.

— Цензура жібермейтін дүниені неге жазасың?

— Цензура қаталдығы сонша, тіпті ешкімге сыяны жоқ дүниелерді де өткізбейді.

— Жарайды, сенің цензорың мен өзім боламын. Барлық қолжазбаларыңды, менің өзіме жіберіп тұр.

Өңгіме осы сөздермен үзілді де, Пушкинді кабинетінен ергін шыққан патша есік тосқан чиновниктеріне:

— Мырзалар, міне жаңа Пушкин. Есікің естен шығаратын боламық, деп кірлі ойының жылтырақ бетін көрсетті.

ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЖЫЛДАРЫ

Пушкин Москваға келуге ұлықсат алды. Ақын «Евгений Онегин» романына шұғыл кірісті. Үлкен істің арасында, екі жетіде «Полтава» поэмасын жа-



И. И. Пущиннің Михайловскіде Пушкиннің үйінде қонақта болуы.

зын тастады. Патша «Борис Годунов», «Полтаваны» өзі оқып, Пушкинге қайта жазуды ұсынды. Бірақ ақын өз бағытынап қайтқан жоқ. Патшаның іштей күдіктенуі ұлғая бастады.

1828 жылы Пушкин болашақ әйелі Наталья Николаевна Гончаровамен танысты.

Сол күндері Пушкин орыс-түрік соғысы майданына барып қайтуға Кавказға жүріп кетті. Арзрумға жасалған шабуылға қатысады. Қайту сапарында Кавказ тауының бір шатқалында өгіз жеккен арбалы екі кісіге кездесін:

— Арбаларыңыздағы табыт кімдікі? — депті.

— «Грибоедті» әкелеміз, — депті олар. Ақын өгіз арбаның үстінде жатқан дана жазушы Грибоедовтің сүйегін көргенде, оның патшалық құрылысқа арналған өшпенділігі көкірегін керней түседі.

Кавказдан келгеннен кейін 1830 жылдың көктемінде Гончаровтардың семьясы Пушкиннің ұсынысын қабылдап, 17 жасар сұлууды—Наталья Николаеваны Пушкинге бермек болады. Үйлену алдында шаруашылығын жайластыруға Болдиндегі әкесі меншігіне бөлген қонысына барған бетте Москвада оба індеті басталып, Пушкин Болдинде үш ай жатып қалды. Москваға қалыңдығына жетуге асықты, бірақ ұлықсат болмады. Ақын жазуға отырды. «Сараң сері», «Моцарт пен Сальери», «Чума кезіндегі той», «Тас мейман» атты өлеңмен жазылған шығармаларып, «Белкин повестілері» атты қысқа әңгімелерін жазды. «Евгений Онегин» романының соңғы екі бөлімін жазып бітірді. Болдин күзі Пушкин творчествосына жемісті еңбектер қосқан «өнімді маусым» болды.

Болдиннен Пушкин Москваға 5 декабрьде қайтты. 1831 жылғы январьдың 18 күні Пушкиннің лицейлік досы ақын А. А. Дельвиг қайтыс болды. Ақын досының өліміне қатты қайғырды.

Сол жылғы февральдың 18 күні Пушкин Наталья Николаевнаға үйленді. Май айының орта шенінде Пушкин Петербургке көшіп барып, өмірінің ақырғы күніне шейін сонда болды.

Сұлу жарымен ақын алғашында басынан көңілді күндер өткізді. Бірақ, қуаныш ұзаққа бармады. Наталья Николаевна үй шаруасына шорқақ, сауық-сайраңды сүйгіш адам болды. Пушкиннің ақындығын

жеңіл өнер санап, творчестволық жұмысқа отыруына наразы болды. Ұлы ақынның сергелденде өткен өмірінің соңғы жылдарындағы семьясына байланысты трагедия басталды.

АҚЫННЫҢ ӨЛІМІ

1832 жылдың көктемінде жандармерияның бастығы Бенкендорф Пушкиннің патшаның қолынан өтпей, «Солтүстік гүлдері» атты альманахта басылған үш-төрт өлеңінің жарыққа шығуына қарсылық білдірді.

Патшаның өзі Пушкинге 1 Петр тарихын жазуды тапсырды. Бірақ Пушкин патша тарихын жазумен шұғылдандудан көрі Пугачев көтерілісі тарихын зерттеуді таңдады. 1833 жылы Казань, Оренбург, Орал қалаларында болып, Пугачев көтерілісіне байланысты материал жыйнап қайтты.

Сол жылдың күзінде Болдинде бір жарым ай тұрып, «Балықшы мен балық туралы ертегі», «Өлген патша қызы туралы ертегі», «Анжело» атты шығармаларын жазды. А. Мицкевичтің екі балладасын аударды. Өмірінің соңғы жылдарында «Мыс салт атты» поэмасын, «Қарғаның мәткесі», «Капитан қызы» (Пугачев көтерілісі туралы) атты повестерін жазды.

Николай патша Наталья Николаевнаға көңілі ауып, Пушкинді әйелімен патша сарайындағы сауық-сайраңдарға келіп жүруге мәжбүр етті. Бұл — ақынға қаншалық ауыр тигені, әйеліне соншалық қуаныш болды. Пушкин өміріндегі қуанышы күндер басталды. Ақынның творчестволық қызметіне мүмкіндік тұмады.

Француз Дантес Петербургке 1834 жылы келді. Орыс офицерінің атағын да алды, патша сарайының

сүйікті қонағының бірі болды. Дантес көп ұзамай-ақ Наталья Николаевна мен көңілде болып алады.

Арын аяққа басушылыққа ақын төзбеді. 1837 жылы январьдың 26 күні Дантестің асырап алған әкесі Геккериге ашына хат жазды. Дантесті ақын дуэльге (жекпе-жек атысқа) шақырды. Январдың 27 күні қала сыртына атыс алаңына шығысты. Көзек Пушкиндікі еді. Бірақ Дантес бұрын атын үлгір-

А. С. ПУШКИН.

СИБИРЬГЕ ХАТ.


Сибирьдің шырау кенінде
Қайыспай шыдап бағындар;
Еңбек кетпес тегінге,
Мақсұтта берік қалындар.

Азаптың адал серігі —
Үмітің болып шам шырақ.
Зынданда ашар көңілді,
Қуантар жетіп күткен шақ:

Түнерген қапас үнгірге,
Шырқаған даусым жол табар,
Қамауда жатқан сендерге
Махаббат, достық апарар.

Қыйнаған кұрсау талқан боп,
Қараңғы зындан бір кұлар,
Қуана қарсы ап бостандық,
Достарың семсер тапсырар.

Аударған **Ғ. ОРМАНОВ.**



Четин қаматы.

ді. Енді атуға оңтайлашып жатқан акын бүйірін басып құлап кетті. Шүйілін оршынап тұрды. Мылтығын қолына алды да, жауына оқ атты. Дантес те құлады. Бірақ, ол жеңіл ғана жараланған еді.

Пушкиннің жарасы ауыр болды. Сонымен бірге, оған уақытында дәрігерлік көмек көрсетілмеді. Акын жап күйзелісінің үстінде екі күн жатып, қайтыс болды. Акынның соңғы минуттерінде қасында болған достары жазушы-ғалым Даль мен лицейлік досы Дантес еді. Акынның ең соңғы сөзі:

— Өмірім өшті-ау! деген, арман мен өкініштің күйікті лебі болыпты.

ХАЛЫҚ ҚАЙҒЫСЫ

Акын қайтыс болған үйдің алды екі күндей ши-тірескен халық болды. Акынның мейірімді жүзін ақырғы рет көріп, қоштасып шыққан адамның көптігі бірін-бірі өкшелеп келе жатқан теңіздің толқынындай еді. Сүйікті акынның халық қаншалық жақып, қаншалық ыстық махаббатпен сүйегіндігін Пушкинмен қоштасу күндері дәлелдеді.

Акын табытының басына келмеген ақсүйектер мен дворяндар еді. Ал, қарапайым еңбекшінің еңкейген кәрісі мен еңбектеген жасы:

— Пушкин біздікі! деген сөздерді өкінішпен көкке шыңдай айтып жатты. Халық қанағарынап қаймыққан патша Дантестің шенін алып, Францияға жіберуге бұйырды. Ал, баспасөз бетінде ашынған сөздер мен Пушкин туралы жазуға тыйым салды. «Біздің поэзиямыздың күні батты» деп жазған бір газеттің шығарушылары патшадан сөгіс алды.

Январьдың 31 күні кеште акын табытының басында жақып достары ғана қалды. Келесі күні өлікті Исаак соборына қойып, дұға оқытпақ болады. Бірақ түнде акынның сүйегі Конюшенный шеркеуіне апарылды. Дұға оқылатын күні шеркеуге ешкім жіберілмеді. Февральдің 2нен 3не караған түнде шеркеуге жабық екі күйме келді де, акын сүйегін Псков губерниясындағы Святогор монастырына алып кетті. Патша, акын сүйегін халықтан жасырын жерлеуді ұйғарды. Өйткені Пушкинді жерлеу патшалыққа қыр көрсету көрінісіне айналуы сөзсіз еді. Ю. М. Лермонтов «Ақынның өліміне» атты өлеңінде:

«Акын өлді — ардың құлы құлады...
Майда қорлық, мұсақараны, күңкілді
Көтермеді, акын жаны жиренді».

деп, акынның құғынға, құдалауға төзе алмағандығын, ары үшін жанын құрбан еткенін бүкіл орыс халқы атынап кекті сезіммен, ашына айтылған асыл сөздермен сыпаттады.

К. ЕЛЕМЕСОВ.



— „Есенсің бе, мен көрмген жас ұрпақ!”

Пушкиннің Болашаққа сенімі

Пушкин! Осынау есімде ерекше бір сүйкімділік, еркелі нәзіктік, жаймашуақ жайдарылық бар. Тозбас бәдір, ескірмес қымбаттылықтың нышаны. Қазақ халқының ұлттық мақтанышы аяулы Абай, ардақты Абай атымен байланысын жапқан биік хұрмет, терең махаббат бар. Қазақ сахарасына Абай арқылы келген Пушкин өзіміздің тума ақынмыздай, әбден тапыс, көптен сүйікті болып кеткен.

Пушкин және Абай! Екі ел мәдениетінің алыстан аңсап келіп табысқан ақын елшілері. Армандарын қоса түйіп, болашаққа бірге аттандырған екі ұлы жан.

Елге де—өз заманы, өз тұстастары үшін қызмет ете отырып, адам баласының жақсы үміттері мен асыл армандары үшін, келешек үшін қызмет еткен қайраткерлер. Қазақ даласын қызық аққан шулы, көк қасқа бұлаққа мәнзес Абай өлеңдері Пушкин айдынына келіп құяды да, мол арна құран, келешек деген жапаға қарай ұмтылады.

Орыс халқының кемелгер ұлы, орыстың жаңа әдебиетінің негізін салушы А. С. Пушкин өз заманының озық ойлы, ілгерішіл көзқарастағы адамы болған. Ұсақ өлеңдерінен бастап поэмалары мен әңгіме, повестеріне, драмаларына, «орыс өмірінің энциклопедиясы» саналатын «Евгений Онегинге» шейінгі шығармаларында ол көркем әдебиеттің идеясы жоғары, озат болуы үшін күрескен. Ақындарымыз идеяға неғұрлым бай болса екен, өйткені өтіп кеткен жастық шақты еске түсірумен әдебиетіміз онша ұзаққа бара алмайды, деп жазды ол жыйырмашыңшы жылдардың бас шенінде.

Декабристердің жасырын ұйымдарына тікелей қатынаспаса да, Пушкин өз тұсында дворяндық революцияшылықтың ең ілгерішіл идеясын мадақтаушы, соған үн қосушы болды. Оның Чаадаевқа жазған өлеңін еске түсірейікші.

Тұрғанда сорып жүрек намыс
үшін,

Тұрғанда азаттық ой бізде
жанып,

Кел, досым, туған жерге біз
арналық

Тасыған таңғажайып жанның күшін.
Сен, жолдас: туар ғажап бақ жұлдызы,
Россия көтерілер ұйқысынан.
Сол кезде жазар біздің атымызды
Патшаның тәж-тағына қыйрап сынған.

Мұнда еркін ойлылық, бостандық сүйгінітік, жалынды патриотизм ақындық мол қуатты беріледі. Отанға жан-тәнімен қызмет етуге шақыру, Россияның оянатынына, бақыт таңының алатынына сену өлеңнің өзекті идеясы осындай. Бұл пікірді ол «Сибирьге хатта» дамыта түседі.

Қыйнаған кұрсау талқан боп,
Қараңғы зындан бір кұлар,
Қуана қарсы ап бостандық,
Достарың семсер тапсырар — дейді ол.

Пушкин «Борис Годунов» пьесасында халық пікірінің зор маңызы барлығын баса көрсетті. Патшалар мен боярлар жауыздық істері үшін халық алдында жауапты. Олардың қылмысын таразыға тартып, кесім айту халықтың ісі деген пікір айтты. Ол өзінің «Евгений Онегин» атты өлеңді романында XIX ғасырдың жыйырмашыңшы жылдарындағы орыс өмірін суреттеп көрсетумен ғана тынбай, декабристердің «досы, ағасы, жолдасы» тұрғысынан қарай отырып сол кезеңнің көптеген кертартпа құбылыстарына қатал қарсылық білдіріп, бір айғар үкімін жариялады.

Пушкин отызыншы жылдарда «Мыс салтатты» сыяқты атақты поэмасын, шаруалар революциясы сыяқты әлеуметтік маңызы зор мәселелерді қозғайтын «Горюхино селосының тарихы», «Дубровский», «Канитан қызы» секілді шығармаларын жазады. Бұлар жақсылықты келешектен күтіп, сол жолда қаламымен қызмет етуді мақсат еткен ұлы ақынның еңбектері еді.

Бар дауыспен бостандықты жырлап, туған елінің көркеюін көксеген, жалынды патриот Пушкин халқына асқар таудай еңбек сіңіргеніне көзі жетіп, өмір бақыи өлмейтіндігіне сеніп кетті.

Ақын ескерткіші

Жоғалып не заманның кетсе де ізі,
Жылдардың жылжып ұзақ өтсе жүзі,
Дүниенің жарқыраған шолпанындай
Жайнап тұр данышпанның ізгі сөзі.

Үңілсек әрбіріне тереңірек,
Ақынның жан сусынын сезер жүрек,
Ол оны өз халқының арманымен
Артқыға ақтарыла жазса керек.

Депті ақын: «жаным тірі өлеңімде»
Сезіммен сене қарап келер күнге.
Ойлы жұрт осы сөзді қаснеттеп,
Құйыпты жүрегінің тереңіне.

Ұлы ақын өлеңінде қалды тірі,
Өле ме елдің сондай мәңгі сыры?
Аяулы жан күйінде сақтады оны
Орыстың ойлы орманы, қазақ қыры.

Таныды түкпірдегі «тағы» тұңғыс;
Тыңдады қатпар таулы кәрі Шыңғыс:
Абайдың ауылынан әнін естіп,
Сахара талай сергіп алды тыныс...

Орнатқан асқар ойлы ұлы Пушкин,
Байқасақ, ғажайып сол ескерткішін,
Келбеті келер күннің елестейді,
Біл-біл деп заманның бар өнер-күшін!

Ғ. ОРМАНОВ.

С. СЕИТОВ.

ПУШКИННИҢ БІЛІМГЕ ЫНТЫҚТЫҒЫ

Білімсіз адам ақын да, жазушы да бола алмайды. Даңқты жазушылардың қай-қайсысын алсақ та, бала күнінен бастап, ақырғы шақтарына дейін үздіксіз көп оқып, білімін толықтырып отырғандығын байқаймыз.

Данышпан А. С. Пушкин өмір бойы дамылсыз оқуының арқасында ең алдыңғы қатарлы білімді адам болды. Пушкин сегіз жасында-ақ орыс, француз тіліндегі кітаптардың қандайын болсын кұмарланып оқыптып болған. Өзі күткен тәрбиешілер белгілі кітаптарды ғана оқуға ұсынғанда, Пушкин әжесінің бай кітапханасына жасырынып кіріп, бірнеше сағаттар бойы қызық кітаптарды қадзлып, зор ынтамен оқыды екен.


Лицейде оқып жүргенінде де Пушкиннің өз бетімен өте көп оқығандығы жолдастарын, оқытушыларын қайран қалдырып отырған. 1814 жылы жазған «Городок» деген өлеңінде 15 жасар Пушкин орыстың, батыстың классик жазушы, ақындарының шығармаларын толығынан меңгеріп оқығандығын көрсетеді.

Пушкин білімін, ой-өрісін тереңдету үшін оқытушының сабағына кітапханадан қолына түскен кітаптарға қанағаттанып қоймаған, өз тұсындағы ең білімді адамдармен жақын-дос болады. Мәселен атақты ғалым, революцияшыл ой-пікір иесі П. Я. Чаадаев Пушкиннің саяси көзқарасының қалыптануына, жалпы білімінің тереңдеуіне зор ықпалын тигізеді. Ұлы ақынның өмірін зерттеушілер: Пушкиннің Чаадаевтан алған білімі бүкіл Лицейден алғалынан артық еді, деген пікірді айтады.

Пушкин өлең, шығарма жазумен шұғылданып жүрген мезгілдерінде де, той-жыйындарға араласып сауық, кұрып, немесе алыс сапар шегіп, саяхаттарда жүрген уақыттарында да кітапқа білімге кұмарлығын бірде бір бәсеңдетпеген. Чаадаевтікінде, атақты тарихшы Карамзиндікінде болғанында «ірі-ірі тақырыптар турасында әңгімелер айтып, жұрттың бәрін не ақылымен, немесе кітапты көп оқығандығымен таңтамалпа қалдырушы еді» (Вересаев).

«Борис Годунов», «Полтава», «Пугачев көтерілісінің тарихы», «Калитани қызы», «Дубровский» сыяқты тарихи тақырыпқа арналған шығармаларын жазуға келгенде Пушкин ұзақ мезгілдер тарихи әдебиеттерді көп оқыған, архивтерде отырып Борис Годунов, І Петр, Пугачев дәуірінің, сол тарихи адамдардың өміріне байланысты уақыттарды, фактыларды ғылымдық әдіспен терең зерттеп шыққан. Шекспирді, яғни француз әдебиетін кең түсіну үшін сол жазушылардың өз шығармасын оқумен ғана тынбай, сол елдердің буржуазиялық революция заманындағы тарихтарын да оқып, зерттеген.

Әдебиеттің сыны, тарихы жөніндегі мақалаларын жазу үшін Пушкин сол кездегі газет, журналдарды,



Пушкиннің кітаптары.

әдеби сындарды, әдебиеттану еңбектерді үздіксіз оқып, өзінің пікірін қорытып отырған.

Пушкин білімді жалғыз кітаптан ғана алып қоймаған, тұрмыстың өзінен де, қарапайым шаруалардан да үйренген. Деревняда тұрғанында крепостной шаруалармен ұдайы кеңесіп, олардан естіген әңгіме, ертегі, мақал-мәтел сыяқты халықтың даналық сөздерін жазып алып, кейіннен шығармаларында пайдаланған. Пугачев көтерілісінің тарихын зерттеу мақсатымен 1833 жылы Пушкин қазақ даласының бір-қатар жерінде, Орал, Орынбор қалаларында болып, Пугачев көтерілісі туралы халық әңгімелерін жыйнаған. Осы сапарында Пушкин қазақ ауылында «Қозы Көрпеш, Баян сұлудың» жырды естіп, аса ұнатты, әңгімесін жазып алады.

Сөйтіп Пушкин кітап оқуға, білімін тереңдете беруге жаңа шығармалар жазумен байланысты тұрмысты тарихи кұбылысты кең білуге өмір бойы зор ынтамен, қажырлы еңбектен берілген. Сондықтан да Пушкин шығармалары тамалпа көркемдігімен қатар, өткір идеялы терең мазмұнды болып отырады. Пушкин көп оқыған кітабын, өрістеккен білімін үнемі шығармалық еңбегіне байланыстыра білген.

Алған білім кұмға сіңген су сыяқты жоғалып кетпей, ескен егін сыяқты халықтың көрегіне жаран, іске асса ғана шын білімдік қасиетін сақтайды.

Ұлы Пушкиннің, сол Пушкинді өзіне ұстаз еткен қазақ ақыны Абайдың терең білімдері өздерінің даналылық творчествосы арқасында бүкіл халықтың мәңгілік игілігіне жаран отыр.

Е. ИСМАИЛОВ,

филология ғылымдарының кандидаты.



Қ. БЕКХОЖИН.

ПУШКИН ЖӘНЕ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің шығармаларын бүкіл халықпен бірге біздің жас буындарымыз да өте қызыға оқыды. Пушкиннің дамып-саяулап шығармалары орыс халқына қандай сүйікті болса, бүкіл совет халықтарына, оның үлкеніне де, кішісіне де бірдей сүйікті. Оның себебі шығармаларының халықтық мәнінде, мазмұнының, тілінің халық жүрегіне қонымдылығында, әсіресе шығармаларындағы саяси мәндердің халық ой-пікіріне жақылығында.

Ұлы ақын шығармаларының осы қасиеттері оны жас жеткіншек қауымға да сүйікті етті.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда, Пушкин балалар үшін әдейі шығармалар жазбаған көрінеді. Алайда, орыс балалар әдебиетінің қорында Пушкин шығармалары ең асыл мұра болып саналады. Ұлы ақынның көптеген шығармалары, өзінің мазмұн, тіл көркемдігімен, балалардың сүйікті бұйымына айналды.

Пушкин жас ұрпақтарды тәрбиелеу мәселесіне, олар үшін әдебиет жасау мәселесіне көңіл аудармай өткен жоқ. Зерттеуші Бабушкинаның айтуына қарағанда: Пушкин тіпті анау Дантесмен атысар алдында Ишимова дегеннің «Балалар үшін тарих» атты кітабын талдап оқып, авторына балалар үшін қызықты кітап жазғанына ризашылық білдірген. Ұлы ақын өзінің кереметті шығармаларын жазғанда, оларды оқушылар үлкендермен қатар жас буын-балалар екенін есінен шығармаған, десек аяғат кетпейміз.

Пушкин шығармалары мектеп балаларына оқу кітаптарының нәрі болып, ең алдымен ұсынылады, олар бастауыш мектептің өзінде-ақ ұлы ақын шығармаларымен сүйсіне танысады, қызыға оқып, одан үлкен көркемдік әсер, тәрбие ала бастайды. Мектеп оқушыларының Пушкиннің «Кыс», «Кысқы кеш», «Суға кеткен адам», «Сәуегей Олег туралы жыр» секілді тамаша өлеңдері—сүйіп оқыптың, жаттап айтатын шығармалары. Пушкиннің «Руслан мен Людмила» поэмасының бастамасы, «Пығандар», «Полтава» поэмаларынан үзінділер, «Капитан кызы», «Дубровский» атты повестері — балалар әдебиетінің алтын қазнасы.

Пушкин шығармаларының ішінен жас балалардың аса қызыға оқыптың шығармалары — Пушкиннің ертегі-жырлары. Пушкин жазған ертегі-жырлар — «Салтан патша туралы ертегі», «Өлген патша кызы туралы ертегі», «Алтын әтеш туралы ертегі», «Балықшы мен балық туралы ертегі», «Молда

мен оның жұмыскері Балда туралы ертегі» — балалар үшін таңғажайып шығармалар. Осы ертегілерден ұлы ақын творчествосының халықтық қасиеті ерекше көзге түседі. Пушкин—халықтың ауыз әдебиеті — фольклорды көп зерттеген, одан өз творчествосына сарқымас нәр алған ұлы халық ақыны. Пушкин өзінің ертегі-жырларын халық аузындағы ертегілер бойынша жазған.

Айта кететін бір қызықты нәрсе-Пушкиннің қазақ ертегілеріне де зер салған кезі болған. Пушкиннің архивынан «Қозы Көрпеш, Баян сұлу» аңызы жайында жазылған материал табылған. Қазақ халқының бұл ұлы ертегісін Пушкин өзінің қазақ даласында Орынбор төңрегінде болған сапарында ел арасынан жазып алғанға ұқсайды. Тегінде, Пушкин «Қозы Көрпеш, Баян сұлу» аңызын да жыр етіп жазбағаны болған секілді. Әйтеуір, жаза алмай кеткен!

Пушкин халықтық ертегі-жырларды пайдаланудағы ерекшелік қасиеті — халық аңыздарын көшіріп жазбай, өзінше толған, жаңа көрік, тың мән беруі, әсіресе әлеуметтік мазмұн тудыруы. Ертегі аңыздарды пайдаланып шығарма жазушылық—орыс әдебиетінде Пушкиннен бұрын да, Пушкин тұсында да бар салт еді. Орыстың белгілі ақыны Жуковский, әдебиет, фольклор жыйнаушылар Даль, ағайынды Гриммдер, тағы басқалар фольклор тақырыбынан бірнеше шығармалар жазды. Бірақ олар ертегі аңыздардағы халықтық мәндерді өршіте, шығара алмады. Жуковский аңыз бойынша шығарма жазғанда, әлеуметтік мазмұнын көмескілен, көбінесе романтизм сарынымен кетті. Даль мен Гриммдер ертегілері де осы сарынмен жазылған еді. Ал, Пушкин ертегі-аңыздарға жан, жаңа көрік беріп жырлады. Ертегіге орыстық рух, әлеуметтік сыр берді.

Орыс рухы онда аңқыған... дегені секілді — Пушкиннің ертегі-жырларынан орыс рухы, орыс өмірі жарқырап көрінеді, сонымен қатар өзге халықтарға да бұл ертегі-жырлар түсінікті, өте сүйікті. Пушкин бірнеше ертегі мазмұндарын түйін алып, өзінше жаңа шығарма, тамаша поэма жасаған.

Пушкин жасаған ертегі-жырлар өзінің таң-тамаша мазмұнымен, көркемдігімен қатар балаларға әлеуметтік мәнімен де сондай қадырлы. Пушкин жазған ертегі-жырлардың қай-қайсысынан болса да әлеуметтік сырлар сеземіз. Озбыр патшалыққа, халықты құл ғып сзушілікке қарсы өлеңімен ереуіл көтерген ұлы ақын

ертегі жазғанда да өзінің саяси сырын сездірмей кетпе алмаған. Өздеріне таныс «Балықшы мен балық» былай қарағанда жай ғана ертегі секілді. Бірақ Пушкин осы ертегінің өзінде де орыс қоғамындағы езуші таптарды, жауыздық пішіндерді мазақтап, түйрей кетеді. Ертегіде кемпірдің сұғиықтығы, қанағатсыздығы шектен асады. Байлық, салтанатқа бөленіп кемпір таси береді. Пушкин осы ертегілі уақыттарда пайдаланып, орыс қоғамындағы түрлі әлеуметтік таптардың мінез-құлықтарын сыйпаттай кетеді. Кемпір дворянка болады. Пушкин, дворянның салтанатын сыйпаттай келеді де, «Ол нәгерлерін ұрып жапты» деп крепостнойлық халдегі шаруаға помещик-дворяндардың көрсететін азабын елестете кетеді. Кемпір қаһарлы патша болады. Пушкин, патша салтанатын суреттей келе, «Оның қасында қаштаған әскер тұрды, қолдарында балтасы бар» дейді. Бұл суретпен Пушкин патшаның өкім күшке, халыққа қас ауыр қаруға негізделгендігін аңғартады. Ұлы ақын осы ертегі-жырдың өзімен-ақ үстем күштерді, озбырлықты әшкерелеп отыр. Бұнда, әрине, әшкерелеуден гөрі сықақ етушілік көп. Әресе, «Алтын әтеш» ертегісін алсақ, сықақ түрін Пушкиннің әдейі әлеуметтік мәні үшін қолданғандығын айқып көреміз. Бұл ертегіні оқығанда балалар ақымақ Дадон патшаның мінез-құлықтарын әжуа етпей, оқып алмайды. Пушкин патша атаулыны түгел, әресе өзіне қас орыс патшасын да мазақтап отыр. Осы секілді әлеуметтік мәні, халықтық сыр Пушкиннің барлық ертегі-жырларынан кездеседі.

Пушкин ертегі-жырлары әрі сұлу, әрі оңай ұғымды халық сөздерімен жазылған. Алдымен, Пушкин ертегілерінде ауыз әдебиетінің дәстүрін сақтайды. Мысалы, Пушкин ертегілер былай басталады:

Ертеде, өткен заманда,
Бір елде, осы галамда
Дадон атты хан болған...
(«Алтын әтеш»).

Шал мен кемпір тұрыпты
Көк теңіздің бойында...
(«Балықшы мен балық»).

Халық ертегілері де осындай сөздермен басталатыны бізге мәлім. Бірақ Пушкин фольклор шеңберінде қалмай, өз ертегілеріне поэзиялық көрік бере жырлаған. Көркем сұлу сурет, әсерлі теңеулер Пушкин ертегілерін поэзияның тамаша жемісіне қосады.

Пушкинді балалар әдебиетімен байланыстырғанда, айтарымыз тек оның ертегілері ғана емес. Данышпан ақының асыл шығармаларында жас буынға тәрбие, өнеге берерлік, олардың жас санасына қонымды шығармалар толып жатыр. Пушкин қалдырған асыл мұралар ғасыр бойы орыстың жас ұрпағының сана-сезіміне зор әсер етіп, оларды станшылдыққа тәрбиелеп келді. Қазірде орыс балаларымен жөпе Совет Одағындағы барлық халықтардың жас буынымен бірге қазақ балалары да ұлы ақының тамаша шығармаларын сүйіп оқып, өздеріне өшпес өнеге алып отыр.

А. С. ПУШКИН

ӘЖЕМЕ.*

Серігім ең бір кездегі,
Жүрмін сені сағынып,
Қара орманда күттің мені,
Күттің мені сарылып.
Өз терезең алдында сен,
Сағат сайын қамықтың,
Тым саябыр қолдағы иең.
Хал-жайыңа қанықпын.
Қарай бердің көзіңді алмай,
Ұмыт болған қақпадан,
Қасіретіңе мен де ортақпын,
Көңіліңде сақтаған.

Аударған А. ШӘМКЕНОВ.

* Ақын бұл өлеңін өзінің тәрбиеші-әжесі Арина Родионовнаға арнаған.



Пушкин бала кезінде Арина Родионовнаның тәрбиесінде болған. Халық даналылығынан туған ғажаби ертегі-жырларды, өлеңдерді, дастандарды бала Пушкин өзінің тәрбиеші-әжесінен есіткен.

Суретте: Пушкин өзінің тәрбиеші-әжесі Арина Родионовнадан ертегі тыңдап отыр.

Суретті салған Алматыдағы 18 мектептің оқушысы Қалдыбек Қайырғожин.



Иген Қыйсабаев — I Алматы станциясындағы 22 қазақ орта мектебінің 9 класында оқыйды. Ол барлық сабақты «ете жақсы» және «жақсы» деген бағамен үлгіреді. Иген уақытын үнеммен пайдаланып, көптен бері сурет салумен әуестеніп жүр.

Игеннің акварель бояумен салған Абайдың және Крыловтың портреттерін көріп, мектепте жолдастары риза болды. Жуырда ұлы ақын Пушкиннің 150 жылы мерекесіне арнап Пушкин мен оның досы Пушкін туралы сурет салды.

Суретте: И. Қыйсабаев «Пушкиннің Пушкинге келуі» деген картинаны салып жатыр.

Ұлы ақынды еске алу

«Путь к социализму» колхозындағы (Жамбыл облысы, Келес ауданы) мектеп оқушылары ұлы ақын А. С. Пушкиннің 150 жылдығына көптен әзірленген еді.

7 класс оқушысы Қаныш Сағатаев Пушкинге арнап тамаша сурет салды. Ол суретте кең байтақ қазақ даласы, тау етегінде от басында бір топ адаммен Пушкинді оқып отырған Абай көрсетіледі. Бұл сурет ұлы ақынға қазақ халқының сүйіспеншілігін білдіреді.

Әдебиет үйірмесі «Біз Пушкинді оқыймыз» деген атпен қолжазба журнал шығарды. Журналда ақынның өмірі, шығармаларынан аудармалар басылған. Әсіресе оқушы Амантай Ыбраев «Пушкинді мен не үшін сүйемін» деген жақсы мақала жазды. Онда Пушкиннің өз халқын анасындай ардақтап, сүйе білгені баяндалады.

П. АРКАДЬЕВ.

Көпшілі көктем күні. Мектеп. Кең зал. Зал толған оқушы қыз балалар. Үстеріне киген күрең көйлек, ақ алжапқыштары — бойларына сондай жарасымды, Жүздері шат. Әдеттегі күннің бірі болса да, бүгін ерекше салтанатты.

Әдебиет кешін әдебиеттен сабақ беруші қарт мұғалима З. М. Лузгина ашты. Сөз баяндамашы IX класс оқушысы Мейман Сабыроваға берілді. Баяндамашы А. С. Пушкиннің өмірі мен әдеби қызметіне толық тоқталды. Баяндама аяқталғанда қатысушылар өз ризашылығын білдіріп, Мейманды құттықтан қол шапалақтады.

Үзілістен кейін ұлы ақынның творчествосына арналған концерт басталды. Сахнада оқушы Калимаш Жетпісбаева. Ол Пушкиннің «Қысқы көшін» сазына келтіріп орындап берді. Бұдан кейін тақпақтар айтылды. Ұлы ақынның «Ескерткіш» атты жырш С. Мұрзалина, «Чалдасбекасын» А. Жантемірова, «Әже-



СУРЕТТЕ: Алматыдағы 12 қа

АН ӨДЕБИЕТ КЕШТЕРІ

месін» Г. Байжанбаева тағы басқа өлеңдерін С. Жардемалиева, Б. Көпжановалар жақсы орындады.

Концерттен кейін Пушкиннің «Шаруа қызы» атты әңгімесі бойынша жазылған инсценировка қойылды. Онда Э. Жақыбаева, Б. Көпжанова секілді оқушылар өз рөлдерін шебер ойнады. Өдебиет кеші осылайша қызық түрде өтті.

23 апрель күні ұлы ақынға арналған екінші әдебиет кеші болды. Онда VIII класс оқушысы Рая Хабидуллина «Пушкин және Абай» деген тақырыпқа мазмұнды баяндама жасады. Баяндама ақынның творчествосынан кұрастырылған үлкен концертке ұласты.

Біздің мектепте бұдан басқа Пушкин мүйісі ұйымдастырылды. Онда ақынның өмірі мен еңбектерін бейнелейтін көптеген суреттер бар. «Пушкин» атты бюллетень шығарылды.

Аға вожатый **Е. Д. СТЕБЛЯКОВА**,
Алматыдағы 12 қызбалалар мектебі.



мектебінде өткен әдебиет кеші



Қазақ тілінде жаңадан басылып шыққан Пушкин шығармаларының бір томдығы халыққа тарай бастады. Астана жұртшылығы да бұл бір томдықты қуана қарсы алып, қызыға оқуда. Солардың бірі — 18 орта мектептің оқушысы Кайролла Шоманов Пушкиннің «Руслан мен Людмила» атты поэмасын оқып шыққан соң, бұл шығармаға байланысты бірнеше суреттер салды.

Суретте: Қ. Шомановтың «Руслан мен Людмиладан» салған бір суреті.

Пушкинге

Сен дана тіл ұстазы, сөз шебері,
Сен даңғыл ақыл-ойдың кемеңгері
Қытымыр тар заманда: «Еркіндік!»
деп
Халықтың мұңын айтқан көкейдегі.


Отты жыр, асыл сөзден құрған жасак,
Халықпен біте қайнап, бірге жасап.
Туыс боп кеттің, ақын, барлық ұлтқа
Анадан бірге туған бауырға ұсап.

Сен тірі, арамызда жүрсің бірге,
Жалынды жырың куә тірлігіңе.
Жаңарған Россияң — Отаныңда
Жетпексің жайнай түсіп келер күнге.

Марат ЫСҚАҚОВ,

Алматы, 18 ер Балалар мектебінің
X-класс оқушысы.

Татвиянаның сақарадағы әні



М. ӘУЕЗОВ.

„Абай“ романынан үзінді.

I

Бір неше жылдар өтті. Абай үшін бұл, еңбек жылдары, өнер іздеу жылдары болған. Оқу менен жазу Абайдың ендігі тірлік тынысы тәрізді. Соның орайына қазіргі заманда Абай айналасына жыйылған жас өнерпаздар да жақсы бір тол боп кұралыш келе жатқан.

Тәңертеңгі шайдан соң үй іші де, қонақ атаулы да тысқа шығып кеткен. Қыстың бір ашық күні екен. Абай өзінің үлкен бөлмесінде онаша отырып қап еді. Алдында үлкен дөңгелек, аласа үстел тұр. Абай біресе сол үстелге шынтақтап, біресе үлкен алақанымен мықынын таяшып, үнсіз отыр.

Ішінде ой шырағы жанғандай боп, салмақпен қараған көздері анда-санда қарсыдағы терезеге қадалады. Күн түсіп тұрған қарлы адырға, ұзақ-ұзақ қарай түседі. Өзінше бір мығым күшпен, ұғымсыз бір мұңмен жұмырлана бүгілген төбе-төбелер.

Быйылғы қыс, Абайдың ел сөзінен, тынышсыз жүрістерден өзін босатып алып, үйде көбірек орнығып отырған қысы еді. Көп олең жазылған жылдың бірі де осы болатын. Сондай өзі мен өзі ғана боп, толғана ойланған уақыттарында, көз алдына көптен көп оралатын—осы адырлар. Бұлар күн райына қарай әртүрлі ажар көрсетеді. Ақындық шабыт кейде осы адырмен көп сырласқандай болады. Бұлтты сұрғылт күні, ол адыр күн шуағын сағына мұңланады. Ашық күні жылы, жарқын жазын көксергендей көрінеді. Жеткізбес арман жеңсігі жеңген адыр.

Қазір Абай сол адырдың жадыраңқы бір қабағын көргендей болды. Қоралы қойдың алды солай қарап өріп барады екен. Сарылып, сазарған үнсіз адыр, енді тас басында жүріп, шырқаған қойшы әнінен сергіген сыяқты.

Абайдың осындай боп үндемей ойлап қалған кездерін қабағынан таныйтын жолдасы бар. Ол—мұндай шақтарда үндемей, көп қозғалмай отыратын Баймағамбет. Қазір тіпті қарап отырмас үшін, ол Абайдың тобылғы сапты сарбас қамшысына бүлдірге татып отыр. Анда-санда Абайға қарай түсіп, өз жұмысын істейді.

Бір кезде Баймағамбет Абайға көз тастап еді, оның ерні күбірлен, қолы да әлде кіммен сөйлескендей қозғала түседі. Бұрып мұндай әлеті болмаушы еді. Бы-

ылғы қыс жалғыз отырған шақта анда-санда Абай осылай ететін бір машық тасты. Баймағамбет біледі, осындай күйдің артынан Абай көбінесе қағаз, қарындаш алғызады.

Сондай бір нәрсені бұйырар деп күтіп отырғанда Абай Баймағамбетке шұғыл бұрылып, жалғ етіп салқып қарады да, үйдің сол бұрышына қарай қол созып, үн қатпастан бір нәрсені «әкел» дегендей белгі етті.

Баймағамбет, оның несі керек қылғанын түсінді де, шапшаң тұрып барып үстелдің үстіне екі үлкен кітапты әкел қойды.

Абай бір кітаптың бетін ашып, өзіне керек жерін тапты да, сол беттерге қарап, шалқаныңқырап, біраз бөгеліп отырып қалды. Көзі сол беттерден ала жатқан екіпші кітапқа да түсе береді.

Бұл екі кітап—бұл ауыл, бұл өлкенің Абайдан басқа көп жанына әлі тілімен де, сырымен де ұғымсыз кітаптар. Тек Абай көңіліне ғана әрі ұғымды, әрі хұрметті боп алған екі ақының кітаптары. Ол жатқан Пушкин мен Лермонтов.

...Өткен жандар. Бірақ мұндай өлім, өлім бе. Мәңгі бақыт өлместей боп, кейінгі дүниеге өз аттарын ұмытнауды бұйырып кеткендер. Өзгеден жер үстінде қалатын белгі—томпайған мола. Сол белгі жер бетінде орнаған без топырақ, мезгіл сайын шөге барып, ақырында мүлдем жер мен жер боп тапталады, бітеді. Шамасы, осы мола жер болумен қатар адам аты да өшеді. Мәңгілікке жұтылады. Ол да бітеді. Мыналар болса, сол өзінен қалған жер үстіндегі белгіні тау етіп, мәңгі мықты беріктікке бекітіп кеткендер. Олар, анау көрініп тұрған, екі Ақшоқы биігіндей... Абай күрсініп ойланады.

—Туған елінде өнер, білім болуы қандай сый! Әлденеше өнерлі буындардан қалып келе жатқан қазналар болып, соны сақтаған «өнер-білім» атты асыл сандығы болса, арман бар ма?—дейді.

Мынау екі ақын Абайға көп кезде, бірге туысқан аға, інідей көрініп қалады. Сол тенеу бұл екі атты, Абайға осы өз ортасы, өз айналасындағы адамның арасындай, жақындаға көрсетеді.

...Басында, ақылы мен ашуы шарығып, кезек жеңісіп барып, ақырында сынып-кемел ой жеңсе де шерлі көргін боп алып, тына жанған, аға бар. Сол ағаның дертін көріп «тыңаннан тауып ек?» деп

ызасы мен қызуына бой ұрып, жұлысып өлген іні бар. Сол аға—Пушкин. Сол іні—Лермонтов. Кейінгі ұрпаққа, барлық ел, барлық заман, бар қауымдағы ойлыларға атой салып, өмірлері шырақша жанып өткен аға, іні... Абай ойлана отырып, Татьяна хатына үңілді.

— Неткен айтқын тіл! Тіл емес, жүректің лебі. Лунадеп соққан ырғағы. Неткен нәзік, тереңдік!

...Соңғы бір екі күн бойында Татьянаны ақын, өз елінің тілімен сөйлете бастап еді. Сөйлеткен сайын Татьяна майда қоңыр үн тауып, бұл тілде де нәзік көркем күй тауып, ділмар жас, шебер боп барады. Қазір ұяң майда қызға Пушкин жазғызған хат пен өзі жаздырған хатты салыстырады. Кей жерлері Пушкинше емес, қатаңдау. Бірақ ол, оқушының шалалығына, амалсыздан берілген баж¹⁾ Сонда да ұғынар ма?

Абайдың көз алдына Көкбай, Мұқанар келеді. «Әй мұндай сөзбен мұңданған Татьянаны олар да ұғар ма екен?» деп күдіктенеді. «Евгений Онегиннің» осы беттерінің арасына салып қойған хат бар еді. Бір нәрсеге ойы ауғандай боп, насыбайып атты да, Абай сол хатты алды.

Семей кітапханасына барып, он шақты кітап әкелген Баймағамбет осы хатты бірге әкелген еді. Білімді досы Михайлов Абайдың «Евгений Онегнге» сүйсініп жазған хатына жауап ретінде жазылған өзінің мынау хатында: «Соңғы жылдарда «Евгений Онегин» әңгімесі күйге де түсіпті. Пушкиннің Татьяна, Ленскийлеріне сай күй, дейді. Петербург, Москвадағы саналы қауымның бір тынысы сол болғандай деседі. Бірақ кереметі не, бізге оны естуге тағдыр жоқ!» деген екен. Бұл айлаудағы еріксіз тұтқының сөзі.

Хаттың осы жерін қайта оқып отырып, Абай Көкбай, Мұқаны тағы да еске алды. «Әдемі әнімен «Әриайдай, бойдай талайды да» бұлдан өткізіп жүрген жазғандар еді» деп күлімсіреп отырып, бас жақта тұрған домбыраны алды. «Сол бишара бақалшылардың қолына, бөз орнына торқа беріп көрейіні осы!» дейді. Сепімді шабыт келгендей.

Көзі жасаурай, ерні жыбырлай отырып, Ақшоқының қос биіктеріне анда-санда көз тастайды. Бірақ қараған нәрсесін бұл халде көріп отырған көз емес. Ол қазір ойдың көзі. Тербеле толқыған ақын толғау-

ының көзі. Қолы ішек пернені термелеп, жебелей береді. Кеше жатарда да, осы бір сарынды алыс бір ырындай, зейіні шалып қап еді.

Қазір сол саз өсіне де, домбырасының ішегіне де, тап түсіп, орада кетті. Тағы да тарта отырып, ақырын үн салып күңіреніп көріп еді, келген екен:

Амал жоқ, қайттым білдірмей,
Япырмай, қайтып айтамын?

дотеп екі жол, Татьяна сыршың басы, іркіліп тұрып, пешіле бастаған сыяқты. Тағы да, тағы да... Біресе шынтақтап жантайып, біресе тез қозғалып, құшырлана малдасын құрып аң, арлы-берлі тебіренді. Қос ішек бірде баяу басса, біресе шұғыл, қатаң үндерге ауысып, асып қайтып отыр. Соңғы екі жол қымбатқа түсті. Бірақ о да оралды. Татьяна хатының үн ауызын, мүдіртпей айтып өтті. Қуанып отырып, насыба-



...Ішінде ой шырағы жанғандай боп, сәлмеқ пен қараған көздері анда-санда қарсыдағы терезеге қадалады.

Суретті салған Б. Урманче.

йып алып тастап, лезде тағы атты. Енді, бірде қатты, бірде баяу тартады, ұмытылмайтын сыяқты. Бір сәтте артына қарай, барлық мол денесімен шұғыл айналып бұрылып қалды. Жүзі, әзіл, мысқыл ажарымен жарқ етіп барып, жылы қарап Баймағамбетке:

— Әй, сен неғын отырсың, не білдің?—деді.

Баймағамбет Абайдың шұғыл өзгерісінен біраз дағдарып қап, бұлдіргесі тағымын болған тобылғы саңты сарбас қамшыны алақанына салып отырып,

— Мынау еді, Абай аға! — деді.

— Мен не ғын отырмын, оны сездің бе?

— Сіздің ойыңызға бір орыс күйі түсті ме деп отырмын.

¹ Баж — алым.

—Ә, олай болса, о да білгенің екен. Бар ендеше! Кішкене молданы шақырып кел.—деді де, өзі тағы да жадағы ырғағын тарта жөнелді.

...Қарсы үйде бала оқытып отырған Кішкене Молда да келген еді. Абай соған қарап, елең етті.

—Татьянаның хатын көшіріп не ең? Енді ол ән салатын болды ғой, білдің бе?—деді.

—Онысы афзал болған екен, көшіріп қойып ем.

—Ендеше Мұқа мен Көкбайға хат жазып жібер. Екеуіне «Татьяна сәлем айтыпты, бізбен де таныс болсын депті» де.

...Абай Татьяна әнін қайта іздеді:

Амал жоқ, қайттым білдірмей...

Домбыраға ыңрапа қосып көріп еді, бағанағы ән әлі де жоқ, мүлде ұмытылған. Сүйткенше қарсы үйдеп шыққан бірталай кісі тағы үстіне кірді.

Бұлар кішкене Молда, бағанағы Мұхаметжан екен. Және осылардың алдында тоғыз құмалақтың ағашын бір қолына ұстап, тері дорбашадағы тастарын бір қолына алған Көрпебай кіріп келе жатты.

Келгеніне үш-төрт күн болса да, Көрпебай Абайға күндердің бір қатты бәсекесі боп алған ойын еді. Кейде таңертеңгі шайдан түстікке шейін ойнағанда бір тоғыз құмалақтан әлі жөндеп ұшқыған жоқ. Соңғы ойынды тауыса алмай айырылысатын. Кеше кеш бөйі Абай кітап пен жазу үстінде болды да, ойын үзіліп қалған. Енді Көрпебай «тоғыз құмалақ» ағашын алып кіргенде Абай, «тағы алаң кірді, қоя тұрайын» деп Пушкин томының беттерін жауып қойды. Көрпебайға:

—Құр, кешегінің есесі енді қайтпаса, сен ағалап тұрсың!—деді.

Сары сүйектен істелген жылтыр жұмыр «құмалақтар» ұядан ұяға тоғыз-тоғыздан сырт-сырт түсіп жатты. Абайдың ұяларын да Көрпебай толтырып жаттыр еді. Мұның қолы, ағаш үстінен жүргенде, лышы қағып, қалқын жүрген сыяқтанады. Ұяларға санап түсіріп жатқан тастарды қандай қозғалыспен, бөгелместен, дәл түсіріп жатқанын байқау қиын.

Абайдың кейбір қыстарда үйде отырып қалғанда, әдейі шақыртып алып, жыйырма күн, бір айдай табан аудармай ойнап қалатын кісілерінің бірі Мақыштың Смағұлы, не Марқабай болса, тағы бірі осы Көрпебай болатын. Ішінде Абай бар, осы үш-төрт ойыншы—бұл атраптағы басқа ойыншылардан озып, ағалап шыққан және өз ара бәсекесі күшті ойыншылар.

Абай мен Көрпебай ойынға кірісті. Басында үш-төрт кезекте, машықты бастаулар бойынша екі жағы да тез-тез жүріп барып, екі-екі ұядан тас алысты. Әлі тұздық алысып, беріскендері болған жоқ.

Қазірде бұл ойынға Мұхаметжан, Кішкене Молда, Баймағамбет те қадала қарап отырды. Мұхаметжан бағана қарсы үйде барған бетінде, Абайдың өзі жазған қағаздан Татьяна қатын түгел көшіріп бір алып, артынан Кішкене Молдамен салыстырып, бірге оқып шыққанды. Молда бұл өлеңді көшірумен бірге жаттап та алған екен.

Татьянаның сөзіне Мұхаметжанның қазіргі есі-дерті жаңағы әнді қайта есту еді. Бірақ Абай құмалаққа қадалаған бетінде ойын аңғары ашылғанша басқа нәрсені ойға алатын емес. Сонымен жас әнші қалтасындағы қағазды алып аузы күбірлеп қайта оқып, басқы жолдарын іштен жаттап отырды.

Жат ұп, жат тілді Татьяна бұрын бұлардың Абайдан да естіп көрмеген зарымен шерленеді.

—Соны сөз деген осындай ақ болат та!—деп қадалады. Абай әлі де ұн қатпай, Татьянаны ұмытқандай боп Көрпебаймен аңдысуда отыр. Мұхаметжан алғашқы екі ауыз өлеңді жаттап та алды.

Енді, құмалаққа қарай түсіп, домбыраны қолға алып ақырындап тартып, ішінен: «Амал жоқ, қайттым»ды өзі білген әнге қосып көріп еді. Өзірге ол әндерге қосылмай жатыр. Өзінің атақты әні «Аққайыңға» да салып көрді, «Топай көк» пен де жағалатты. Созылмайды, көнбейді.

Баймағамбет мұның нені іздеп отырғанын ана үйде-ақ естіп кеп еді. Енді Абайды осылай аударып көрем бе деп жағалатын Мұхаметжанға.

—Немене, Татьяна, «Аққайыңды» білгісі келмей ме, қалай?—деді.

—«Аққайың» ғана емес, тіпті біз білген әнге жуысайын деп тұрған Татьяна көрген емен.

—Бәйіт, терме сыяқты келте-шолақ әнге тез келе ме дейім?—деп, Баймағамбет Абайға тағы қарап қойды.

Абай бұлар сөзіне енді ғана көңіл бөле бастап:

—Солай дейміңдер. Татьяна болса, ол «Ақбала» да болмас. Бардат, Мысырдан бәйіт те тілемес!—деп бір қойды да, көңілденіп, көтеріліңкіреп алып, бір рет көшіп кеткенде, соңғы тасы тәрс беріп Көрпебайдың орта ұясының біріне түсе қалды. Сүйткенде Абай маз болып, мол денесі селкілден қатты күле жөнелді. Көрпебай сасып, қабағын түйіп томсарып қалды.

Құмалаққа қарап отырған Кішкене Молда:

—Хәйір, тұзлық бихисап жақсы тұзлық болды...—деп Абаймен қоса күлді. Көп есентің соңында дәл осы жерде Абай кеп «бел басардан» тұздық алып еді.

Алғашқы емес, қасында отырған жігітте дін нені тілеп отырғанын Абай енді аңғара түсіп:

—Баймағамбет-ау, Татьянаның бағанағы салған әнін енді қайта айтпай отырғанын көрдің бе?—деп

Мұхаметжанның домбырасына қол созды. Мұхаметжан домбыраны ұсынып, тізесінде жатқан қағазына үңілді.

Абай бұл жолы тартып жөнелгенде төңкертеңгі ән қаз қалпында қайтадан шапшаң ғана орала кетті.

— Жоқ, енді айтқысы келген екен, — деп сүйсіне күле түсіп, — Былай депті ғой. — деді де, үн қосты. Өз аудармасының екі ауызын айтып өтті. Сол екінші өлеңі біте бергенде есігі ашылып келе жатқан түкпір үйден Әйгерім жерінді. Ол Абайды таңданып тыңдай кеп, қасына отыра берді.

Мұхаметжан екінші ауыздың тұсында ішінен Абайға қосылып байқады. Дәл осы кезде, өзінің бір мол байы жағалай көшіп келе жатқан Көрпебай, Абайдың артқы ұяларын жаталап, сытырлата тас тастап кеп, дәл «қокмойыннан» тұздық алып қона түскені... Абай:

— Өй, мынау неғып кетті? — деп домбыраны Мұхаметжанға бере сан, қайтадан құмалаққа үңіліп қалды. Мұхаметжан Әйгерімге қарай жамбастай беріп, сыбырлаңқырап:

— Қап, мына біреу, бір жанрақ болған неменің қылып кеткенін — ай! — деп Көрпебайға қатты наразы бола қарады. Әйгерім:

— О не, шырақ? Не істеді өзі? — деп құмалаққа үңілді.

— Абай ағамның мына бір жаңа әнін үйреніп кетейін деп әдейі жолымнан бөгеліп отыр ем... «Кокмойыннан» тұздық сойдырған кісі енді бізге неғып оралсын? — деп күбірлей сөйлеп, жүйзеліп отыр. Баймағамбет те өкініп, басын шайқал еді. Әйгерім Мұхаметжанға бұрыла қарады да,

— Қані ол қандай ән екен? Талайдан үңілді естігеміз жоқ, түстік жеп аттанарсың, өз ұққаныңды айтып берші! — деді.

— Ойбай-ау! Өзім де бір-ақ естіп ұстай алмай, «дәт» деп қап отырмам жоқ па, жеңеше-ау, — деп Мұхаметжан домбыраға жаңағы әннің бас қайырмасын тыңқылдатып көрді. Келмей жатыр. Абай бұл кезде өз кезегін жүріп, сәл босап отыр еді.

— Жоқ, теріс тартып отырсың, — деп домбыраны қайта алды. Жаңағы әнін үш-төрт қайырып тартып өтті. Мұхаметжан енді домбыраны қайта алғанда, іркілместеп қатасыз тарта жөнелді. Сол арада жаттап алған алғашқы екі ауыз өлеңді әнге де салып жіберді.

— Айта түс! — деді Абай.

Рұқсат алып алған Мұхаметжан, өзінің зор таза үнімен енді шырқап айта жөнелді. Тізесінде жатқан жазуына көз қыйығып тастап отырып, барлық Татьяна хатын іркілмей айта берді. Тоғыз құмалақ тоқталып қалты.

Абай мыз бақпай, кірпік қақпай тыңдайды. Ол қазір Ақшоқы биіктеріне көз жіберіп, Татьянаның наз-

наласына ұйығандай. Өңі сұрлапты аңты. Өзі сөйлеткен сөз, өзі жырлатқан әуен, ең алғашқы рет әрі жас, сұлу әрі әсем нақысты әншінің қолденең үнімен айтылғанда, енді Абайдың өзін де қатты толқынтады. Бұның ажарын байқап, үйдегінің бәрі де қыбыр етпей, Мұхаметжанның жүзіне ғана қарап қалыпты. Қазақ әні емес. Бірақ сондай бір мұңлы шермен, ұғымды күймен ырғалған майда қоңыр, назды қоңыр толқын кетті. Мұхаметжан, «енді айрылып қалмайын, жадыма тоқып алайын» дегендей боп тоқталмай айтады. Өз көңілі де елжірей сүйінгендік талығады. Татьянадай жасты көз алдында көргендей боп, терең сезініп ұғынған сыяқты. Осы әнінің үстінде ұғынды. Әнін тоқтата бере:

— Тал бойыңды ұйытқандай, сорлы шерменде екен ә? Мұны осышалық күңіренте күйзелткен қандай ғана жан екен? Абай аға?! — деп Абайға қарады.

Тыңдаушы өзгелер де бұл сұрауды аса орыңды көргендей. Бәрі де Абайдың жауабын күтті. Өзгеден жеңілдеу, шапшаң сөйлейтін Кішкене Молда:

— Е, оны айтқызып отырған Фомкин ғой. — деді.

Мұхаметжан бұның қазіргі киліккенін жаратпай қалды.

— Қоя тұрыңызшы, молдеке, Фомкин демей! Тіпті сол ақынның аты да сіз айтқандай емес. — деді.

Кішкене Молда тағы да шапшаңдап:

— Е, енді қалай екен. Мен бек дұрыс айтам; солай. — деді.

— Жоқ, Абай ағам Пушкин дейтін сыяқты еді. — деді де, Мұхаметжан Абайға қарады.

Абай Пушкиннің өмірін, өлімін қысқа баян етіп беріп, «Татьяна хатына» қайта оралды. Мұхаметжанның жазбасын қарап, ойланып, кей жерін түзей отырды.

— Осы да жүрек мұңын жеткізе білген тіл-ау. Шыны керек те, Пушкиндей ақынды қазақ баласы сен де, тіпті кісі мұсылман ғаламы—сен де, әлі көрген жоқсың... Не десең үй де! — деп ойлана сөйлеп отыр.

— Ия, әйтүір, қыз байкүс шер-шеменің айта білген-ақ. — деп Баймағамбет күнтейды.

Көрпебай осы кезде құмалаққа таман тағы үңіле беріп еді. Мұхаметжан байқамаған боп, тізесімен құмалақ ағашты шетке таман ысырып жіберіп, Абайға қарап:

— Бірақ енді сол Татьянаның осындай үні жауалсыз қалғаны әділет пе, Абай аға?! Жігіт те бір оры сөзді айтса мақұл болмас па, кеудесінде жаны бар болса еміренбей тұра алар ма? — деді.

— Бек дұрыс айтады Мұхаметжан. Гүмансіз дұрыс сөз осы, Абай аға! — деп Кішкене Молда да Абайдан тілек еткен тәрізді. Абай аз ойланып отырып:



Суретті салған Н. ЛЕБЕДЕВ

— Ол да дұрыс өкөн. Онегінді сөйлету керек болар. — деп бір аз отырды да — Әй, бірақ ол өзі опасыз еді-ау, ә? — деп үндемей қалды. Пушкинді қайта оқуға кірісті.

Сол күні Абайдың үйінде түстейін алып Мұхаметжан Семейге жүрін кетті. Абай, бүгінгі кеш бойы Пушкинді тағы да қайта оқумен болған еді. Бүгінгі күн анда-санда алаң еткен уақ жайлар болса да, Абайдың Пушкинге оқушы ғана емес, ақышына жақындасқан күні еді. Туысын талқандай боп, шабытты үн-қосылып, толғана бой ұрған күнінің бірі. Түнде жемі піскен еттің алдында, Пушкин томын жауып жатып, Абай үй ішіне естіртпін бір сыр айтты.

— Дүниеге көзіңді аштың-ау, Михайлов, қандай қазналарға мені жетектеп әкелген едің... Енді менің қағбам¹ орышқан көшіп, күншығысым—күнбатыс, күнбатысым—күншығыс боп барады. Солай болса, болсыншы! — деді.

...Осылайша, 1887 жылдың қысында, орыстың даңғасы Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп кеп, кең қазақ сахарасына ең алғаш рет қадам басып еді.

Өзі тыңдаушысын ұйытқан, қадірлі ақып болды. Татьянасы қазақ жасының жүрек сезіміне бұрын қазақ сөзімен айтылып көрмеген көркем шебер тіл бітіріп, жандай жақын туысы бола келіп еді.

¹Қағба -- мұсылман дінін ұстаушылардың бет бұрып, намаз оқыптын бағыты.

А. С. ПУШКИН.

ЧААДАЕВКА

Махаббат, үміт және шусыз даңқ
Алдауы жұбатпады біздерді ұзақ
Жас ермек сол бір сүйген боллы ғайып,
Түс пенен таңертеңгі тұман күсан.
Бірақта әлі бізде жанған тілек,
Азабын тартып жүріп сор биліктің,
Асығыс тапнай шыдам тосып жүрек,
Тыңдаймыз отан үнін піліп тым.
Минутін қасиетті еркіндіктің
Күтеміз талықеумен тым асыға.
Бейле бір күткеніндей жас жігіттің

Минутін кездесетін ғайығына,
Тұрғанда азаттық өй бізде жапып,
Тұрғанда соғып жүрек тамыс үшін —
Кел, досым, туган жерге біз арналық
Тасыған таңғажайып жанның күшіп.
Сен, жолдас, туар ғажап бақ жұлдызы,
Россия көтерілер ұйқысынан.
Сол кезде жазар біздің атымызды
Патшаның тәж-тағына қырап сынған.

Аударған Қалижан БЕКХОЖИН

ЗАМАНДАСТАРЫ ПУШКИН ТУРАЛЫ

Әрбір ұлы адам өлгеннен кейін ғана ұлылық атаққа ие болмайды, замандастары мен достары арасында өзінің артықшылығын көрсетеді. Ол туралы, оның тамаша таланты мен озық ақыл-ойы жөнінде көптеген пікірлер мен көзқарастар айтылады. Александр Сергеевич Пушкин сондай ұлы адамның бірі еді.

А. С. Пушкин жас кезінен-ақ тамаша ақындық талантымен, озат ой-пікірімен, ашық, ақжарқын мінездерімен жұртшылықтың көзіне бірден түсті. Замандастары кішкене Саша Пушкиннен болашақ ұлы ақынның бейнесін көре білді. Пушкиннің сол кезде жазған ұсақ өлеңдерінің өзі-ақ оның өскенде ұлы ақын болатындығының куәсіндей еді.


Пушкин лицейде оқып жүргенде, өзіне бірнеше жақын достар тапты. Олардың көпшілігі лицейдің алдыңғы қатарлы студенттері еді. Әсіресе А. А. Дельвиг, И. И. Пущин, В. К. Кюхельбекер, тағы басқалары Пушкинмен пікірлес, істес болды. Кейіннен бұлардың көпшілігі декабристер қозғалысына белсене қатысты. Бұлардың қайсысы болса да Пушкинді өте сүйетін, оның ақындық дарынын, ақыл-ойын, ой-өрісін аса жоғары бағалайтын.

А. А. Дельвигтің өзі де ақын еді. Бірақ ол Пушкиннің ақындығының өзінен әлдеқайда жоғары екендігін мойындайтын, Пушкин поэзиясының көркін, сұлулығын ол заманда одан артық бірде-бір жан түсінген жоқ шығар.

И. И. Пущин ақын емес еді, дегенмен оның әдебиетке деген қаблеті күшті болатын, көптеген саяси, әдеби және ғылыми мәселелерді терең білетін. Ол жас күнінен-ақ халық игілігіне қызмет етуді аңсайтын. Міне, осы пікірі мен мақсаты Пушкиннің де пікірі мен тілегіне ұштасып жатты. Сол себепті екеуі өз өмірлерінің ақырына дейін айналас дос болып өтті. Пущин кейіннен «Пушкин туралы жазғандар» деген кітапша жазды. Бұл кітабында ол Пушкиннің ақындығын, адамгершілігін айта келіп: «Егерде ол (Пушкин) менің қасымда жүріп бақытсыздыққа ұшырайтын болса, мен оған атылған оққа өз төсімді төсер едім де, ақын-жолдасымды, Россияның мақтаны, дәулеті болған адамды қорғап қалар едім», дейді.

Пушкиннің талантын тек өз ортасы яғни лицей студенттері мен профессорлары ғана сезіп, біліп қойған жоқ. Сонымен бірге сол замандағы белгілі ақындар В. А. Жуковский, К. Н. Батюшков, П. А. Вяземский, Пушкиннің өз ақын ағасы Василий Львович те таныған еді. Олар А. С. Пушкин оқыйтын Лицейге жиі келіп, жас ақынға өздерінің ағалық, әрі ақындық ақылын айтатын.

Жас Пушкиннің ақындық дарынын сол замандағы аса көрнекті ақын Державин де танып білді. 1815 жылы лицейде болған ашық емтихан үстінде А. С. Пушкин өзінің «Патша селосындағы ой» деген өлеңін оқиды. Пушкиннің бұл өлеңі жыйналған жұртшылыққа өте ұнайды. Әсіресе, сол жыйынның хурметті қонағы, қарт ақын Державинге Пушкиннің өлеңі үлкен әсер етеді. Ол Пушкиннің ақындығына аса риза болып,



Пушкин, Жуковский, Крылов, Пущин.

көңілі босап, көзіне жас алды. Пушкинді құшақтап, бетінен сүймек те болды. «Міне, Державиннің орнын басатын ұл!» деп дауыстайды ол.

1820 жылы А. С. Пушкин өзінің атақты «Руслан мен Людмила» атты поэмасын жазып бітіреді. Бұл көркем тілмен шебер жазылған шығарма оқушы жұртшылыққа өте ұнайды. Жұрт Пушкинді Россияның ең таңдаулы ақыны деп бағалайды. Сол жылдары көрнекті ақын В. А. Жуковский Пушкинге өзінің суретін сыйлап, оған: «Жеңген шәкіртке, жеңілген ұстаздан» деп жазып, қол қойып береді.

Мұның өзі де Александр Сергеевичтің ақындық күшін сол замандағы көрнекті ақын-жазушылардың танып, бағалай білгендігін және Пушкиннің өздерінен асып бара жатқанын мойындағандығын толық көрсетеді.

Пушкинді аса жоғары бағалағандардың бірі орыстың ұлы жазушысы Н. В. Гоголь болды. Ол: «Пушкин дегеніміз төтенше көрініс... ол осы қалпында екі жүз жылдан соң пайда болуы ықтымал. Пушкинде орыс табиғаты, орыстың жаңа, орыс тілі, орыстың мінезі... таза, мүлтіксіз көрінеді» деді.

Орыс халқының ұлы сыншылары, революцияшыл демократтар В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский.

А. И. Герцен, Н. А. Добролюбовтар да Пушкинді аса жоғары бағалады.

Пушкиннің ақындық даңқы тек Россияда ғана жайылған жоқ, тіпті сол кездің өзінде-ақ оны бүкіл шет елдердің алдыңғы қатарлы адамдары, ақын-жазушылары жақсы білетін, олар оның тамаша таланты алдында табынып, ақындығы алдында бас иетін. Поляк халқының ұлы ақыны Адам Мицкевич сол кездің өзінде-ақ «Асқан және әралуан дарын бойына бірден біткен мұндай адам ешбір елде қайта тұмақ емес» деп жазды. Ал француздың атақты жазушысы Проспер Меримэ «Пушкинде поэзия жұпыны қара сөздің өзінен-ақ, өзінен-өзі туғандай ғажаби түрде көріктене түседі» деген.

А. С. Пушкиннің мезгілсіз қаза табуы бүкіл халықпен бірге, сол замандағы көрнекті ой-пікір иелеріне де қатты батты. «Русский инвалид» газетінің редакторы,

атақты журналист Краевский Пушкиннің өліміне арнайы үлкен некролог*) жазды. Бұл мақаласында ол: «Біздің поэзиямыздың күні батты. Пушкин өзінің гүлдеп өсіп келе жатқан шағында, тым болмаса орта жасқа жетпей қайтыс болды... Мұның орны толмайтын қаза екенін бүкіл орыс жұртшылығы түсінеді, бұл қазаға бүкіл орыс жүрегі күйінеді» деп жазды. Сол замандағы орыстың екінші ұлы ақыны М. Ю. Лермонтов Пушкиннің өліміне арнап өзінің «Ақын өліміне» деген атақты өлеңін жазды. Бұл өлең сол кездегі бүкіл халық күйінішін соншалық күшті жеткізіп айта білді.

А. С. Пушкиннің ұлылығын өз замандастары танып, оны қадірлей білген. Әсіресе қазір совет халқы ұлы ақынды аса ардақтайды, оның езгі есімін сүйіспеншілікпен есіне алады.

Б. ИСКАКОВ.

*) Некролог — өлген адам туралы жазылған мақала.

АҚЫН ШАБЫТЫ

А. С. Пушкин — теңдесі жоқ шабыт иесі болған ұлы ақын. Оның өз шығармаларын қалай жазғандығын білу өте қызық.

Пушкин жазатын шығармасын үшқыр қыялы, ой көзімен шолып, әбден өлшен-пішіп алып, оның түйінін ғана таңдап алу үшін ұзақ толғанумен болады екен. Шығармаға кемеліне келтіріп, ойша жоспар жасайтын болыпты. Шығарма жазарда ең қыйымыға түсіп, қыйшайтын да осы жоспар.

Кейде Пушкин өлеңмен жазылуға тиісті шығармаларының мазмұнын қара сөзбен жазып алатын бол-

ған. Бүкіл шығарманың тұтас жоспары түгіл, оның кіншеңтай бөлшектеріне дейін анықтайтын болса керек. Мысалы: Татъянаның Онегинге хатының алғашқы қара сөзбен жазылған жобасы мынау:

«Сіздің жөк көретініңізді білемін... мен ұзақ уақыт тіл қатпай, өзіңізді көрермін деп шыдап бақтым... Өзге інтеңе тілемеймін — өзіңізді көргім келеді. Менің үйімде бөде жән жоқ, келіңіз... Сіз екінің бірін таңдауға тиістісіз. Олай болмаса, алла мені алдағаны. Несіне сізді көрдім екен, айт-айтпа, бәрі бір, болары болды! Мен хатты қайталап оқудамын...»

Осындай жоспарға көңілі толса ғана, ақын жазуға кіріседі. Шығарма енді әрі тез, әрі жеңіл жазылады. Мысалы: Пушкин «Граф Нулин» поэмасын бір-ақ күнде жазып бітірген.

Пушкин өз шығармаларын көбінесе күз күндерінде жазатын болған. Күз не гүрлым жауын-шашынды, мұнарлы болса, сол гүрлым Пушкин үшін қолайлы болады. Әдетте таңертең, төсекте жатқан қалпында жазады, жазылып біткен тарақтарды бірінің соңынан бірін еденге сырғытып түсіре береді де, артынан бірақ жыйнап алады. Кейде ақын шабыты құйындай ұйтқып, дауылша соға келгенде, ұзақ күнге бас алмай жазатын кездері болған. Осындай шабытты кезінде «Полтава» поэмасы жазылған.

Handwritten notes in Russian script, including the number 79.



Пушкиннің қолжазбасы.

Пушкин шығарманы қалам-сыямен жазыпты. Оның қолжазбаларынан толқыл туған шабыттың суымаған, жылы ізін көруге болады, дейді зерттеушілер. Бірінің соңынан бірі түйдек-түйдек келген ойлар мен теңеулер ақынды баспалап кетеді. Қаламы ойыпта ілесе алмайды. Бір сөзді я сөйлемді жазысымен қазір қолма-қол асыға өшіреді, үстіне жаңа сөз жазады, оны да өшіреді, мұндай өшіруді көкейіндегі сөз табылғанша сан рет қайталайды. Сөздерді толық жазбайды, кейде тіпті жолдың соңындағы қортыңды ұйқастарды ғана тізеді де, өлеңді жалғастыра береді. Өлеңді кейде ретін сақтамай шығарыпты. Мысалы: ақын «Евгений Онегиннің» кейбір тарауының әуелі онбесінші не жыйырма-сыныншы шумақтарын, одан кейін бесінші не оныншы, ең соңында бірінші және екінші шумақтарын жазған күндері болған. Пушкин «Евгений Онегинді» жазып отырған қағазға, кейде іле-шала «Борис Годунов» драмасынан үзінділер жазыпты. Шабыт толқыны кері қайтқанда, ақын кілт тоқтап, жазылған өлеңдердің тұсына қосымша суреттер салады. Осы қалыппен Пушкин 8 сағат ұдайы жазып, 2 сағат дем алады, содан кейін 4 сағаттық уақытын кітап оқуға арнайды екен.

Алайда Пушкин шығарманың бәріне бірдей шабыт керек деп күтіп отырмаған. Шабытты ол аса жауапты шығармаға, оның өте бір нәзік бөлімдерін жазуға арнайды. Автор «Борис Годуновты» жазуы жөнінде былай дейді: «Ойлап отырып жазамын. Көптеген көріністері тек ойлауды ғана керек етеді, шабыт тілейтін көріністерге жеткенде, не шабыт тууын күтем, не аттап өтіп, келесі көріністерге көшемін». «Мен арбаның үстінде де өлең шығара беремін» деп әзілдейді екен, Пушкин.

Пушкиннің шабыты қолында қағаз, қаламы жоқ кезде сөрвенде немесе жол үстінде келсе жатқанда да туады екен. «Борис Годуновтағы» фонтан басында Димитрийдің Марияға кездесетін көрінісін көршілеріне

барып қайтып келісімен шығарған. Үйге келіп қаламын таба алмапты, сыя кеуіп, ұшып кетіпті. Пушкин бұған қатты қынжылады. Тек 2-3 апта өткен соң, есінде қалғандарын ғана қағазға түсіреді. Соның өзінде осы сахнаны оқыған достары шығармаға қайран қалған. Пушкин оларға ұмытылған, алғашқы варианты бұдан да көркем еді, депті.

Пушкин өз шығармасын өңдеуге асқан зейінмен қараған ақын. Оларды 3-4 рет көшіріп, не бір ойды, не бір суретті, не мінездемені бүтіндей өзгертіп отыратып да болыпты. Мысалы: «Борис Годуновтағы» Пимонның өз шежіресін ойланардағы алғашқы толғауын Пушкин әуелі 11 тармақ өлең етіп жазады, артынан оқый-оқый келе, соның бір-ақ жолын қалдырып, өзге жолдардың мағнасын не бары 2 жолға сыйғызды.


Пушкин шығарма жазғанда сөздің шұбаланқылығын сүймеген, сондықтан көңіліне жақпаған жолдарды, тұтас үзінділерді аямай өшіретін болған. Не болмаса жыртып тастап, қайта жазған. П. Г. Чернышевскийдің сөзімен айтқанда, екі есе қысқартып, құндылығынан жыйырма есе ұта білген.

Ол өзінің көптеген шығармаларын жарыққа шығармай, көп ұстаған. Мысалы: «Түнгі эфир, құйып эфир» деп басталатын өлең 1824 жылы жазылып, үш жылдан соң ғана басылған. Бұл әдетін Пушкин, жазып болғаннан кейін 6 жыл сақтап, жұртқа көрсетпеген «Борис Годунов» драмасы жөнінде айтқан бір пікірінде анық түсіндіреді: «Әрбір сәтсіз тәжірибе біздің сахнаның өсуін шабаңдатуы мүмкін.» Бұл сөзінде ұлы ақын: піспеген шығарманы халық үкіміше ұсынуға асықпау керек, дейді.

Пушкин 1833 жылы: «Ұлы жазушының жазған әрбір жолы болашақ ұрпақ үшін асыл қазына болып қалады» деп жазған еді. Ақын данышпандықпен айтқан! Бүгінгі біздер үшін Пушкин жазған әрбір жол — асыл қазына.

М. ӘЛІМБАЕВ.





В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымдары Академиясының президенті академик Трофим Денисович ЛЫСЕНКО.

ХАЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ

Быйылғы июнь айында В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымдары Академиясының ұйымдастырылғанына 20 жыл толды.

В. И. Ленин ауыл шаруашылығының негізгі салаларын зерттеу жұмысын басқаратын ғылыми орталық орын ұйымдастыру туралы пікірді 1921 жылдың өзінде айтқан болатын.

1929 жылы 25 июнь күні ССРО Халық Комиссарлар Советі В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылымдары Академиясын ұйымдастыру туралы қаулы алды. Оның 12 ғылыми зерттеу институты ашылды.

Үкметіміздің 1934 жылғы қаулысы бойынша, ұйымдастырылған Академияның уставы бекітілді. Үкметіміз Академияның алдына еліміздің ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, оны механикаландыру және химияландыру, мал шаруашылығын өркендету талабы-

на сәйкес көптеген шараларды ғылыми жолмен шеше білу міндетін қойды.

Академияға басшы болып совет елінің тамаша ғалымы — академик Трофим Денисович Лысенко белгіленді. Т. Д. Лысенко И. В. Мичуриннің, Б. А. Тимирязевтің, В. Р. Вильямстің ғылымын шебер дамытушы, көрнекті ғылым қайраткері болып табылады.

Академик Т. Д. Лысенко табиғаттың ұлы өзгертушісі Иван Владимирович Мичуриннің ғылымын творчестволық жолмен дамытып, байытты. Ол өзінің еңбектерінде Тимирязев-Мичуриннің түрлердің найда болуы және өсімдік жаратылысын өзгерту туралы ғылымын, Докучаев-Вильямстың жер қыртысының құнарлылығын арттыру әдістері туралы ғылымын ұштастыра білді.

Т. Д. Лысенко яровизация әдісін ашқаннан кейін, өсімдіктің сатылы дамуының жалпы биологиялық теориясын тапты. Сатылы даму теориясы организмнің тұқым қууын бір бағытқа салып өзгертуге, белгілі бір өндірістік мақсатпен өсімдіктің өсіп-өнуі кезеңіне өзгеріс енгізуге мүмкіндік береді. Осы теория негізіне сүйене отырып, Лысенко елдің оңтүстік, ыстық жерлерінде картоптың азғындауы себептерін анықтады. Лысенко ұсынған әдіс жаз күндерінде егу арқылы оңтүстік аудандарда картоптан тұрақты өнім алу қамтамасыз етілді және солтүстіктен оңтүстікке картоп тұқымын тасу тоқтатылды.

Лысенко өсімдіктің өсіп-өну заңдылығын зерттеу арқылы Сибирьде күздік бидай егу, көк сағызды ұялап егу, мақтаны шабықтау, таза аңызға жазды күні жодышқа егу, арамшөптерге қарсы күрестің биологиялық әдістерін және т. б. жаңалықтар ашты.

Мичурин—Лысенко ғылымы қолдан бағытталған селекцияны (өсімдік, мал тұқымын асылдандыру) жүзеге асыруға және өндірісімізге қажетті өсімдікпен малдың жаңа түрлерін шығаруға мүмкіндік береді. Адам малдың және өсімдіктің әрбір түрін жайдағысынан гөрі тез өзгерте алады және бұл өзгеріс адамның тілегіне сай жүргізіледі деп жазған еді Мичурин.

«Мичуриндік ғылымның күші оның колхоздар және совхоздармен тығыз байланыстылығында, социалистік ауыл шаруашылығының басты міндеттерін іс жүзінде шешуі арқылы терең теориялық мәселелерді анықтауда болып табылады» дейді Т. Д. Лысенко.

Табиғатты өзгертудің Сталиндік жоспарының негізгі міндеті советтік ауылшаруашылық ғылымын пайдалану негізінде далалық және орман-далалық аудандардың барлық колхоздары мен совхоздарында таяу жылдардың ішінде ауыл шаруашылығының барлық саласын жоғары саатыға көтеріп бұдан былайда өркендете беруді қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл шаралардың ең бастысы — шөптанапты ауыспалы егісті меңгеру және егін қорғайтын ормандар отырғызу.



Шөптанапты ауыспалы егістің орасан артықшылығы ғылыммен анықталып, тәжірибемен дәлелденген.

Академик Вильямс 1937 жылы «Жаңарған жер» деген мақаласында былай деген: «Жер социализм үшін қызмет істейтін болады, дүниеде адам баласы көрмеген өнім алу Советтер елінің ғана қолынан келеді және әрбір гектардан 100 центнерден өнім алу — менің Отаным үшін орта өнім болып саналатын күннің жақын екендігіне кәміл сенемін».

Табиғатты өзгертудің ұлы программасын жүзеге асыру үшін ғылым ашқан, тәжірибеде сыннан өткен жаңалықтарды колхоз-совхоз далаларында кең қолдана білу керек.

Біздің республикамыз — еліміздің мал шаруашылығының негізгі базасы болып табылады, ал астық өндіру мәселесі жөнінде алдыңғы қатарлы орын алады.

Қазақстанның табиғи-тарихи ерекшелігі және жаратылыс-ауа райы жағдайының әр түрлілігі, республикамыздың ауыл шаруашылығын тез өркендету міндеті ауыл шаруашылығы ғылымына ерекше маңыз береді. Осы жағдай 1941 жылы В. И. Ленин



атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылымдары Академиясының Қазақ филиалы (бөлімін) ұйымдастыруға негіз болды. Бұл филиал бүтін Совет Одағы көлемінде бірақана Қазақстанда бар. Қазақ филиалы Бүкілодақтық Академияның басшылығымен республикамызда мәдени егістердің шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолында қажырлы еңбек етіп келеді.

Мичуриндік биология ғылымының табыстарын қолдану негізінде Қазақстан ғалымдары 100 ден аса егістік өсімдік түрлерін және малдың бірнеше жаңа асыл тұқымын шығарды. Мысалы: «Биязы жүнді қазақ қойы», арқар-меринос қойы өсіріліп отыр.


Қазақстанда орын тепкен түрлі ауруларды зерттеу және оларға қарсы шаралар ғылыми жолмен белгіленіп, мал шығыны азайтылды.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылымдары Академиясы ғылымның жемісті ордасы болып отыр. Халық қамын ойлаған бұл академияны еліміз: «Халық академиясы» деп атап, оның жемісті еңбегін мақтаныш етеді. Оған жоғарыда аталған оның бір сәряды — Қазақ филиалының еңбегі дәлел.


Табиғатты жеңе беру жолында озат Мичурин ғылымын кең дамыта отырып, В. И. Ленин атындағы Академия бұдан былай да елімізде азық-түліктің молшылығын қамтамасыз ете бермек.

Х. ЧУРИН,

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымдары Академиясының Қазақ филиалы Президиумының председателі.



КРОССВОРД



КӨЛДЕНЕҢ ОҚЫҒАНДА


ТІК ОҚЫҒАНДА

1. А. С. Пушкиннің романымен аттас кейіпкері. 6. Ақынның Абай қазақ тіліне аударған өлеңі. 7. Повестінің аты. 9. Бір ертегісінің қаһарманы. 11. Бір романындағы кейіпкері. 14. Арнау өлеңі. 15. «Капитан қызы» повестінің кейіпкері. 18. Өлеңі. 19. Поэмасының аты. 22. Өнге салып айтатын пьеса-өлең. 24. Ақынның арнау өлең жазған жақын адамы.

2. Қаһарманымен аттас драма. 3. Қаһарманымен аттас өлең. 4. Сәлем хат түріндегі өлеңі. 5. Өлеңі. 8. Өлеңі (қараңғылық). 10. Пушкиннің өліміне арнап өлең жазған ақын. 12. Драмалық шығарма. 13. Дондықтарға арналған өлең. 17. Ақындықтың «күдайы». 20. Өлең аты (жаратылыс құбылысы). 21. Өлең аты (жыршы). 23. Өлеңі (мал жайында).

Жасаған **Х. ӨЗБАҚАНОВА.**
(Алматы)

ЧАЙНВОРА



1. Пушкиннің саяси өлеңі. 2. Өлеңмен жазылған атақты романының бас кейіпкері. 3. Өлеңі. 4. Тәрбиешісі. 5. Пушкиннің Кавказда болған қаласы. 6. «Капитан қызы» повестінің бас кейіпкері. 7. Өлеңі. 8. Пушкиннің әйелінің аты. 9. Өлеңі. 10. «Полтава» поэмасының кейіпкері. 11. Поэмасының аты. 12. Декабрист ақынға арнаған өлеңі. 13. Атышулы өлеңі. 14. «Борис Годунов» трагедиясының бір кейіпкері.

Жіберген **Б. БЕЙСЕНБАЕВА.**

Біздің Пушкин 2
 Қ. Елемесов—Ақынның өмір ертегілерінен 4
 А. Пушкин—Сибирьге хат (өлең). 6
 С. Сейтов—Пушкиннің болашаққа сенімі 8
 Ғ. Орманов — Ақын ескерткіші (өлең) 8
 Е. Исмаилов — Пушкиннің білімге ынтықтығы 9
 Қ. Бекхожин—Пушкин және балалар әдебиеті. 10
 А. Пушкин—Әжеме (өлең) . . . 11
 Пушкин күндеріне 12
 М. Әуезов—Татьянаның сахардағы әні (романнан үзінді) 14
 А. Пушкин—Чаадаевқа (өлең) . 18
 Б. Исақов — Замандастары Пушкин туралы 19
 М. Әлімбаев—Ақын шабыты . . 20
 Х. Чуриң—Халық Академиясы . 22
 Ойлап тап 24



Мұхабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері:
 Т. Абдрахманов (жауапты редактор) Ә. Бектұров Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.
 Тех. редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:
 г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
 Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 20-V 1949 г. УГО3190
 Объем 3. п. л. Тираж 10.000
 Гос типография № 3 Управления Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата. Заказ № 406

ПУШКИН ШЫҒАРМАЛАРЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы ұлы ақынның туғанына 150 жылдық мерекесіне арнап Пушкин шығармаларының бір томдығын шығарды. Бір томдыққа ақынның лирикалары, поэмалары, драмалық шығармалары, прозалары кірген.

Орыс халқының ұлы ақыны Пушкин шығармаларын алғаш қазақ тіліне аударып, таратқан Абай еді. Абай Пушкиннің атақты «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романынан бірнеше үзінділер аударды. Олар Татьянаның Онегиге хаты, Онегиннің Татьянаға хаты, Татьянаның жауабы, Онегиннің сыйпаты, Ленскийдің «Барасын қайда, қайда болмай маған?» деген монологі т. б. болатын. Абай аудармалары арқылы Пушкин өлеңдері революциядан бұрынғы қазақ ауылына кең тарады. Татьянаның хаттары әнге салынып, Пушкин жырымен қазақ қыздары өз мұнын айтатын болды. Абай аудармалары осы күнге дейін жалпы көркем аударманың, оның ішінде Пушкин аудармаларының ең шебер үлгісі болып келеді. Бір томдықта Абай аудармалары жеке бөлім етіп берілген.

Абайдан кейін де революциядан бұрын және совет өкіметінің алғашқы жылдарында Пушкин шығармаларын аударғандар болған. «Евгений Онегиннің» қыскартылып аударылған бірнеше түрлері бар. Бірақ бұл аудармалар көркемдік қасиеті онша болмағандықтан осы кезде өздерінің құнын жоғалтты, ұмыт болды.

Қазіргі бір томдыққа кіріп отырған түгелінен жаңа аударма деп айтуға болады. 1937 жылы Пушкиннің өлгеніне 100 жол толу қарсаңында ақынның көптеген лирикалары, поэмалары, драмалық шығармалары аударылып басылып шыққан болатын. Ол аудармалардың көбі сол тұста Пушкин шығармаларын қазақ оқушыларына толығырақ таныстыру үшін үлкен пайдасын тигізді. Бірақ халқымыздың мәдениетінің қарыштап өсуі, әдебиетіміздің дәрежесінің жоғары көтерілуі сондай, бұл аудармалар мәдениетті оқушыларымыздың тілегі мен әдебиетіміздің өскелең дәрежесіне сай келмей қалды. Сондықтан Пушкин шығармалары негізінен қайта аударылды, ал кей бір бұрынғы аудармадан кірген шығармалар оригиналға сай көп өңделді.

Пушкин шығармаларын аударуға Ғ. Орманов, Т. Жароков Қ. Бекхожин, Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаев, Ә. Сәрсенбаев сыяқты қазақтың белгілі ақын-жазушылары мен бірге, Хамит Ерғалиев, Тәкен Әлімқұлов, Бүркіт

Исқақов, Мұзафар Әлімбаев сыяқты жас ақындарымыз да қатысты.

Пушкин поэмаларынан аударылғандары — «Руслан мен Людмила», «Цыгандар», «Полтава», «Кавказ тұтқыны», «Мыс салтатты», «Жоб-рәил—нәма. «Руслан мен Людмила» — ақынның ең алғашқы поэмаларының бірі. Оқыйғасы халық ертегісінен алынған. Бұл поэма Пушкинге тән шынайы көркемдігімен қатар, сюжеттік жағынан өте қызылықты. Аударған ақын Әбділда Тәжібаев.

Пушкиннің үлкен патриоттық сарынмен жазылған шығармаларының бірі — «Полтава» поэмасы. Бұл поэ-



маның оқыйғасы I Петрдің басшылығымен орыс әскерінің басқыншы шведтерді жеңіп шыққан атақты Полтава ұрысынан алынған. Поэмада орыс халқының тамаша жанқырлық ерлігі, өз Отанына деген жалынды махаббаты, соғыс суреттері ерекше көркем берілген. Аударған ақын Қасым Аманжолов. Аударманы ақынның стилін сақтап, поэманың көркемдік қасиетін, күшті эмоциясын біркелкі тәуір берген. «Мыс салтатты» — патриоттық, прогрессшіл сарында жазылған поэма. Ұлы ақын Россияның ұлы жаңартушысы I Петрдің Россия тарихындағы прогрессшіл өзгерістерін жырлайды. Ақын жеке адамның өз басының кішкентай мүддесін мемлекет мүддесіне қарсы қоюын айыптайды. Поэманы аударған ақын Ғали Орманов.

«Евгений Онегин» — ұлы ақынның шығармаларының ең күрделілерінің бірі. Көлемі үлкен. Өзінің бұл атақты шығармасында ақын өзге шығарма-

ларының қайсысынан болсын, өз заманындағы әлеуметтік оқыйғаларды, қоғам өмірін кең қамтыйды. Сол кездегі жоғарғы қауымның барлық дерттерін әшкерелей отырып, нағыз орыс адамдарының тамаша бейнелерін жасайды. Романды қазақ тіліне жас ақын Қуандық Шаңғытбаев аударды. Аудармада романның көркемдік қасиеті, ақынның еркін төгіліп жататын шынайы, жыры тәуір сақталған.

Жоғарыда аты аталған шығармалармен қатар, бір томдыққа ақынның елге мәлім лирикалары, «Русалка», «Сараң сері», «Моцарт пен Сальери» т. б. драмалық шығармалары, «Капитан қызы», «Белкин әңгімелері», «Дубровский» сыяқты прозалық шығармалары кірді.

Бұл бір томдық ақынның халыққа көп жайылған шығармаларын недәуір қамтыйды, қазақ оқушыларын Пушкиннің шығармаларымен кеңірек таныстырады, Ұлы орыс халқының патриот ақынының дана шығармалары совет оқушыларын отан сүйгіштікке, ерлікке шақырады, бұл шығармалардың тәрбиелік маңызы аса зор.

Т. АҚТАНОВ.

А. С. Пушкиннің мерекесіне арнап, Қазақтың Мемлекеттік Оқу-күралдар Баспасы оқушы-балалар үшін «Пушкин кітапханасын» ұйымдастырды. Бұған енетін Пушкиннің бірнеше ертегілері, поэмалары, повестері және «Евгений Онегин» романы ақынның мерекесі қарсаңында әрбіреуі өз алдына, жеке кітап болып баспадан шықты.

Бұл шығармалардың ішінде өлеңмен жазылған атақты «Евгений Онегин» романынан басқа, «Полтава», «Кавказ тұтқыны», «Цыгандар» поэмалары; «Дубровский», «Атыс», «Шаруа қызы», «Бекетші», «Боран» повестері; «Балықшы мен балық туралы», «Алтын әтеш туралы» тағы басқа ертегі-жырлары бар. Әр қайсысына шығармалардың негізгі түйініне сәйкес, автордың ой желісіне сай суреттер салынды. Оқушы балаларға неғұрлым ұғымды болуы үшін, әр кітаптың аяғына да қысқаша түсініктер берілді.

Бұл шығармаларды мектеп оқушыларының аса ықласпен қабылдай, сүйсіне оқыйтындығы сөзсіз.

З. ҚАБДОЛОВ.

Бағасы 2 сом.



Балалар! Бұл суреттерде
А. С. Пушкиннің қай
шығармаларының кейіпкерлері
бейнеленген?